

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY**

ХАБАРШЫ

**«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы
Серия «Естественно-географические науки»
Series of «Natural-geographical sciences»**

№1(71), 2022

Алматы

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ
ABAI KAZAKH NATIONAL PEDAGOGICAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы
Серия «Естественно-географические науки»
Series of «Natural-geographical sciences»

№1(71)

Алматы, 2022

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**Мазмұны
Содержание
Content**

ХАБАРШЫ

**«Жаратылыстану-география ғылымдары» сериясы
№1(71), 2022 ж.**

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2001 ж. бастап шығады

Бас редактор

х.г.к., Жер туралы г.д., проф.

Х.Н. Жанбеков

Редакциялық коллегия

*бас редактордың орынбасары,
г.д., проф. К.Д. Каймулдинова,
пед.г.д., проф. Ж.Ә. Шоқыбаев,
биол.г.д., проф. З.Б. Тұңғышбаева*

Редакциялық алқа мүшелері:

геогр.г.д., проф., ҚР ҰҒА академигі

А.С. Бейсенова,

х.г.д., проф., ҚР ҰҒА академигі

Е.Ә. Бектуров,

х.г.д., проф. С.Р. Конуспаев,

пед.г.д., проф. Н.К. Ахметов,

г.д., проф. Б.Ш. Абдиманов,

биол.г.д., проф. А.П. Боговяленский,

х.г.д., проф. Н.А. Бектенов,

пед.г.д., проф. А.А. Саипов,

геогр.г.д., проф. А.Н. Нигматов

(Өзбекстан),

биол.г.д., проф. Б.М. Дженбаев

(Қырғызстан),

биол.г.д., проф. А.А. Мамадризохонов

(Тәжікстан),

пед.г.д., проф. Н.Д. Андреева (Ресей),

пед.г.д., проф. С.В. Суматохин (Ресей),

х.г.д., проф. Д.Ю. Мүрзин (Финляндия),

PhD докторы Ренато Сала (Италия),

геогр.г.д., проф. Бургхард Мейер

(Германия),

PhD докторы Давид Лорант (Венгрия),

х.г.к. Ж.М. Жақсыбаева

(жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2021

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген N10110 – Ж

Басуға 19.03.2022 қол қойылды.

Пішімі 60x84^{1/8}. Көлемі 23,5 е.б.т.

Таралымы 300 дана. Тапсырыс 521.

2018 жылдан бастап Қазақстандық дәйексөз қорының импакт-факторы – 0,026

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

**ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ
МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН
METHODICAL ASPECTS OF DISCIPLINES**

Абделмажитова А.К., Куанышева Ж.К. Жаратылыстану пәндерін оқу процесінде оқушылардың ғылыми-зерттеу әрекеті..... 5
Abdelmashitova A., Kuanysheva Zh. Research activity of students in the process of studying natural science subjects.

Әсетіллі Н.М., Касымбекова Д.А., Қорғанбаева Ж.Қ. Бейорганикалық химия пәнінен практикалық сабақтарда студенттердің шығармашылығын арттыруда ақпараттық технологияларды қолдану..... 11
Assetilla N., Kassymbekova D., Korganbayeva Z. The use of information technologies in increasing the creativity of students in practical classes in inorganic chemistry.

Каманова Г.А., Акылбекова Т.Н. Білім беруді цифрландыру мақсатында ЖОО-да бейорганикалық химия курсының цифрлық технологияны пайдалана отырып сабақ жүргізу..... 17
Kamanova G., Aqylbekova T. Conducting classes using digital technologies of inorganic chemistry courses in higher education institutions in order to digitize education.

Сағынбаева К.П., Мукатаева Ж.С., Дюсембаева Г.Т. Орта мектеп химиясында жаңа технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың білім деңгейін арттырудың әдістемелік ерекшеліктері..... 22
Sagynbayeva K., Mukatayeva Zh., Dyusembayeva G. Methodological features of improving the level of knowledge of students using new technologies in secondary school chemistry

Шитай Ә.А., Жанбеков Х.Н. Қазіргі білім беру үдерісінде химия пәнінен қашықтықтан оқыту құралдарын қолдану..... 29
Shitai A., Zhanbekov H. The use of distance learning tools in chemistry in the modern educational process.

**ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
НАУКИ О ЗЕМЛЕ
SCIENCES ABOUT EARTH**

Abzhetova A.M., Aliaskarov D.T. Problems of teaching geography: advanced foreign experiences and research..... 34

Абжетова А.М., Алиаскаров Д.Т. Географияны оқыту мәселелері: алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибелер және зерттеулер.

Кұлбаева М.Ә., Карбаева Ш.Ш. География сабағында жобалық оқыту технологиясын қолдану..... 41
Kulbayeva M., Karbaeva Sh. Application of project learning technology in geography.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая ВЕСТНИК
Серия «Естественно-географические науки»
№1(71), 2022 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2001 года.

Главный редактор:
к.х.н., д.н. о Земле, проф. **Х.Н. Жанбеков**

Редакционная коллегия:
зам. гл. редактора, д.г.н., проф.
К.Д. Каймулдинова,
д.пед.н., проф. **Ж.А. Шокыбаев,**
д.биол.н., проф. **З.Б. Тунгышбаева**

Члены редколлегии:
д.геогр.н., проф., академик НАН РК
А.С. Бейсенова,
д.х.н., проф., академик НАН РК
Е.Ә. Бектуров,
д.х.н., проф. **С.Р. Конуспаев,**
д.пед.н., проф. **Н.К. Ахметов,**
д.г.н., проф. **Б.Ш. Абдиманатов,**
д.биол.н., проф. **А.П. Богоявленский,**
д.х.н., проф. **Н.А. Бектенов,**
д.пед.н., проф. **А.А. Саипов,**
д.геогр.н., проф.
А.Н. Нигматов (Узбекистан),
д.биол.н., проф.
Б.М. Дженбаев (Кыргызстан),
д.биол.н., проф.
А.А. Мамадризонов (Таджикистан),
д.пед.н., проф. **Н.Д. Андреева** (Россия),
д.пед.н., проф. **С.В. Суматохин** (Россия),
д.х.н., проф. **Д.Ю. Мурзин** (Финляндия),
доктор PhD **Ренато Сала** (Италия),
д.геогр.н., проф.
Бургхард Мейер (Германия),
доктор PhD **Давид Лорант** (Венгрия),
к.х.н. **Ж.М. Жаксимаева** (ответ.
секретарь)

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2021

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. N10110 – Ж

Подписано в печать 19.03.2022.
Формат 60x84¹/₈. Объем 23,5 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 521.

за 2018 год индексируемый КазБЦ
имеет импакт-фактор – 0,026

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13.
КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Шодиев С.Р., Чембарисов Э.И. Гидрологические и гидрохимические характеристики магистральных коллекторов Сурхандарьинской области Узбекистана..... 42
Shodiev S., Chembarisov E. Hydrological and hydrochemical characteristics of the main reservoirs of Surkhandarya region of Uzbekistan.

ХИМИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
ХИМИЧЕСКИЕ НАУКИ
CHEMICAL SCIENCES

Сарсекеева И.С., Тургумбаева Р.Х. Рисование и моделирование химических веществ улучшают преподавание химии в среднем и высшем образовании..... 49
Sarsekeeva I., Turgumbayeva R. Drawing and modeling chemicals improve the teaching of chemistry in secondary and higher education.

Тажиева А.А., Жолдыбаев С.С., Кадирбеков К.А. Этил бензолдың дегидрлеу процесін Zr және Nb модифицирленген оксидті темір катализаторы қатысында зерттеу..... 56
Tazhieva A.A., Zholdybaev S.S., Kadirbekov K.A. Study of the dehydrogenation process of ethyl benzene with the participation of ZR and NB modified oxide iron catalyst.

Сундеткалиева Х.А., Кадирбеков К.А. Цифрлық білім беру ресурстарын дайындау әдістемесі..... 62
Sundetkaliyeva K., Kadirbekov K. Methodology of preparation of digital educational resources.

Хабиев А.Т., Казбекова Г.Ж. Химиядан практикалық сабақтардың химиялық құзыреттілік қалыптастырудағы маңызы..... 68
Khabiev A., Kazbekova G. The importance of practical chemistry classes in the formation of chemical competence.

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ
BIOLOGICAL SCIENCES

Aiture N., Umbetyarova L., Babashev A., Ablaihanova N., Kulbayeva M. Health-related quality of life: a comparative study in adolescents with hormonal dysfunction in schools of Kazakhstan..... 74
Айтүре Н.Е., Умбетъярова Л.Б., Бабашев А.М., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С. Денсаулыққа байланысты өмір сапасы: Қазақстан мектептеріндегі гормоналды дисфункциясы бар жасөспірімдердегі салыстырмалы зерттеу

Смағұлова А.Е., Құлбекова А. Тағам өндірісі қалдықтарынан биоремедиацияны компост дайындау технологиясын әзірлеу..... 81
Smagulova A., Kulbekova A. Developing technology for the production of bioremediation compost from food industry waste.

**Kazakh National Pedagogical
University named after Abai**

BULLETIN
Series of «Natural-geographical sciences»
№1(71), 2022.

Periodicity – 4 numbers in a year
Publishing from 2001.

Editor in chief
*c.chem.s., d.n. Earth, prof. H.N.
Zhanbekov*

The editorial state:
*deputy Editor-in-Chief, d.geog.s., prof.
K.D. Kaimuldinova,
d.ped.s., prof. Zh.A. Shokybaev,
d.biolg.s., prof. Z.B. Tungyshbayeva*

The editorial board members:
*d.geog.s., prof., academician of NAS RK.
A.S. Beisenova,
d.chem.s., prof., academician of NAS RK
E.A. Bekturov,
d.chem.s., prof. S.R. Konuspaev,
d.ped.s., prof. N.K. Akhmetov,
d.geog.s., prof. B.S. Abdymanapov,
d.biol.s., prof. A.P. Bogoyavlensky,
d.ped.s., prof. N.A. Bektenov,
d.ped.s., prof. A.A. Saipov,
d.geogr.s., prof. A.N. Nigmatov
(Uzbekistan),
d.biol.s., prof. B.M. Jenbaev (Kyrgyzstan),
d.biol.s., prof.
A.A. Mamadrizohonov (Tadzhikistan),
d.ped.s., prof. N.D. Andreeva (Russia),
d.ped.s., prof. S.V. Sumatohin (Russia),
d.chem.s., prof. D.U. Murzin (Finland),
doctor PhD Renato Sala (Italy),
d.geogr.s., prof. Meyer Burkhard
(Germany),
doctor PhD David Lorant (Hungary),
c.chem.s. Zh.M. Zhaksybayeva
(executive secretar)*

© Kazakh National Pedagogical
University named after Abai, 2021

The journal is registered by the
Ministry of Culture and Information RK
8 May 2009, N10110 – Ж

Signed to print 19.03.2022.
Format 60x84 1/8. Volume – 23,5
publ. literature.
Edition 300 num. Order 521.

**For 2018 KazBC has
impact-factor of 0,026**

050010, Almaty, Dostykave., 13
KazNPU named after Abai

Publishing house «Ulagat»
Kazakh National Pedagogical
University after Abai

Суматохин С.В. Модель методической системы организации развития исследовательской деятельности при подготовке будущих специалистов-биологов..... 92
Sumatokhin S.A. model of a methodological system for organizing the development of research activities in the preparation of future biologists.

Өтеген А.Ө., Умбетьярова Л.Б., Бабашев А.М., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С. Биология пәнін оқыту кезінде білім алушыларда ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды дамыту және қалыптастыру ерекшеліктері..... 95
Otegen A., Umbetyarova L., Babashev A., Ablaihanova N., Kulbayeva M. Features of the development and formation of information and communication skills in students studying the subject of biology.

**ЭКОЛОГИЯ
ECOLOGY**

Абдрай Л.А., Мукатаева Ж.С. Формирование экологической компетентности студентов в обучении неорганической химии..... 105
Abdray L., Mukataeva Zh. Formation of environmental competence of students in teaching inorganic chemistry.

Жармагамбетова А.К., Афияева Г.С., Сейтхан А. Химия сабақтарындағы оқушылардың зерттеу жұмысы экологиялық білім беру және оқушылардың тұлғасын дамыту құралы ретінде..... 109
Zharmagambetova A., Afyieva G., Seytxan A. Research work of students in chemistry as ecological education and as a means of personal development of students.

Құрманғали И.Р., Тилекова Ж.Т. Алматы облысының жер ресурстарына геоэкологиялық баға беру..... 115
Kurmangali I., Tilekova Zh. Geoeological assessment of the land resources of the almaty region.

Моисеева Л.В. Экологическое пространство вуза..... 122
Moiseeva L. Ecological space of the university.

**ТУРИЗМ
TOURISM**

Баканов Н. Зарубежный опыт развития туристско-рекреационных кластеров..... 125
Bakanov N. Foreign experience in the development of tourist andrecreationclusters.

Бекен А.Н., Кудебаев Р.Б., Серік М.А., Суранчиева Е.А. Влияние качества жизни населения на развитие туризма (на примере Восточно-Казахстанская области). **Beken A., Kudebaev R., Serik M., Suranchiyeva Y.** Impact of population quality of life on tourism development (on the example of the East Kazakhstan Region). 132

Зевреева З.Н. Туристско-рекреационный комплекс как элемент устойчивого развития республики Крым..... 138
Zevreeva Z. Tourist and recreational complex as an element of sustainable development of the republic of crimea.

Авторлар туралы мәліметтер..... 144
Сведения об авторах.
Information about the authors.

ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ДИСЦИПЛИН METHODICAL ASPECTS OF DISCIPLINES

FTAMP 14.25.09

А.К. Абделмажитова¹, Ж.К. Куанышева²

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу іс-әрекеті оқудың танымал түрлерінің бірі ретінде қарастырылған, оның маңызды міндеті заманауи ізденіс әдістерін меңгерген оқушы-зерттеуші дайындау болып табылады. «Білімді ұрпақ кемел мемлекеттің тірегі» дегендей кез-келген мемлекеттің өркендеп, өнуі және әлем елдерінің қатарында өзіндік орын алуы, сол мемлекеттің білім жүйесінің деңгейіне байланысты. Сол себептен де қазіргі кезде оқу ордаларының басты міндеті еліміздің болашағы, яғни қазіргі жас ұрпақты сапалы біліммен қамтып қана қоймай, оларды өздеріне сенімді, жан-жақты, өнегелі және қабілетті етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін оқыту барысында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады, соның бірі ғылыми-зерттеу әрекеті. Мақалада осы әдістің тиімділігі жайлы айтылған, сонымен қатар шарттары, жалпы принциптері мен факторлары да қарастырылған. Ғылыми-зерттеу іс-ірекеті жаңа білім алуға, қоғамдық және жеке тәжірибені байытуға, білім алушыларға негізгі құзыреттерді дамытуға көмектесуге бағытталған. Бұл әдісті жаратылыстану пәндерін оқыту барысындағы ерекшеліктері, оқушының алдына қойылған мәселені шешу үшін өзіндік жұмыстануы және сол сәттегі мұғалімнің ролі қарастырылған. Сабақтағы оқу-зерттеу жұмыстарының элементтері, биология, химия және физика пәндері бойынша оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау, соған сәйкес тақырыптар да көрсетілген. Білім алушылардың тек теория жүзінде білім алып қана қоймай, өздігінен практикалық түрде жұмыстануы, жауапкершілікті сезіне алуы осы ғылыми-зерттеу қызметінің ерекшелігін айқындайды.

Түйін сөздер: білім, оқу-тәрбие, әдіс-тәсіл, оқушы, жаратылыстану, ғылыми-зерттеу, биология, химия, физика, оқыту формалары.

Абделмажитова А.К.¹, Куанышева Ж.К.²

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²Казахский национальный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан*

ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНЫХ ПРЕДМЕТОВ

Аннотация

В статье рассматривается исследовательская деятельность школьников как одна из самых популярных форм обучения, основной задачей которой является подготовка школьников-исследователей, овладевших современными методами исследования. Как говорится, «Образованное поколение - основа совершенного государства», поэтому процветание и рост любого государства и его место среди стран мира зависит от уровня системы образования этого государства. В настоящее время главная задача учебных учреждений – это не только обеспечить нынешнее поколение

качественным образованием, но и воспитать их уверенными, разносторонними, нравственными и дееспособными ко всему. Для достижения этой цели в обучении используются различные методы, в том числе и исследовательская деятельность. В статье рассматривается эффективность данного метода, а также условия, общие принципы и факторы. Научно-исследовательская деятельность направлена на получение новых знаний, обогащение общественного и личного опыта, помощь в развитии у обучающихся ключевых компетенций. Рассмотрены особенности этого метода в обучении естественнонаучных предметов, самостоятельная работа ученика над решением задачи и роль учителя в это время. Показаны элементы учебно-исследовательской работы на уроках, выполнение учебно-исследовательской работы по биологии, химии и физике, а также соответствующие темы. Особенность данной исследовательской деятельности заключается в том, что ученики могут не только учить теоретические материалы, но и работать самостоятельно и чувствовать ответственность.

Ключевые слова: образование, обучение, методы, ученик, естествознание, исследования, биология, химия, физика, формы обучения.

A. Abdelmazhitova¹, Zh. Kuanysheva²

*¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

*²Kazakh national women's teacher training university,
Almaty, Kazakhstan*

RESEARCH ACTIVITY OF STUDENTS IN THE PROCESS OF STUDYING NATURAL SCIENCE SUBJECTS

Abstract

The article considers the research activities of schoolchildren as one of the most popular forms of education, the main task of which is to train schoolchildren-researchers who have mastered modern research methods. As say, "An educated generation is the basis of a perfect state", therefore the prosperity and growth of any state and its place among the countries of the world depends on the level of the education system of this state. Currently, the main task of an educational institution is not only to provide the current generation with a quality education, but also educate them confident, versatile, moral and capable of everything. To achieve this goal, various methods are used in training, including research activities. The article discusses the effectiveness of this method, as well as the conditions, general principles and factors. Research activities are aimed at obtaining new knowledge, enriching public and personal experience, helping students develop key competencies. The features of this method in teaching natural science subjects, the student's independent work on solving the problem and the role of the teacher at this time are considered. The elements of educational and research work in the classroom, the implementation of educational and research work in biology, chemistry and physics, as well as relevant topics are shown. The peculiarity of this research activity is that students can not only learn theoretical materials, but also work independently and feel responsible.

Keywords: education, training, methods, student, natural science, research, biology, chemistry, physics, forms of education.

Кіріспе. Қазіргі уақытта білім алушылардың оқу-зерттеу қызметі оқу жұмысының танымал формасына және мектеп оқушыларының қазіргі өмірге өзіндік шығармашылық көзқарасын дамытудың қажетті құралына айналуға. Сонымен қатар мектеп алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – заманауи ізденіс әдістерін меңгерген, проблеманы шешуге шығармашылықпен қарайтын, өз білімін өздігінен білім алу арқылы толықтыра алатын оқушы-зерттеушілерді даярлау.

Философиялық энциклопедиялық сөздікте «зерттеу» термині «танымдық әрекет түрлерінің бірі болып табылатын жаңа ғылыми білімдерді игеру процесі» деп түсіндіріледі. Зерттеу объективтілігімен, қайталанатындығымен, дәлелділігімен және дәлдігімен сипатталады» [1].

Ғылыми-зерттеу қызметі жаңа білім алуға, қоғамдық және жеке тәжірибені байытуға, білім алушыларға келесі негізгі құзыреттерді дамытуға көмектесуге бағытталған:

1. автономизация – өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі тәрбиелеуге қабілетті болу.
2. коммуникативті – қарым-қатынас жасай білу.
3. ақпараттық – меншікті ақпараттық технологиялар, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істеу.

4. өнімді - жұмыс істей білу, өз өнімін жасай білу.

Бүгінгі таңда көптеген әдіскерлер мен мектеп мұғалімдері оқу-тәрбие үрдісіндегі зерттеудің басты ерекшелігі оның тәрбиелік мәні болып табылатындығын атап өтеді. Бұл оның басты мақсаты «үлкен» ғылымдағыдай объективті жаңа нәтиже алу емес, жеке тұлғаны дамыту екенін білдіреді. Егер ғылымда негізгі мақсат жаңа білім алу болса, білім беруде зерттеушілік әрекеттің мақсаты – оқушылардың шындықты меңгерудің әмбебап тәсілі ретінде функционалдық зерттеушілік дағдыларын меңгеру, ойлаудың зерттеу түріне қабілеттілігін дамыту және білім беру процесінде оқушының жеке позициясын белсендіру [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Оқу-зерттеу қызметінің мазмұны нақты практикалық және теориялық мәселелерді шешуге бағытталған оқу және зерттеу қызметінің жалпы әдістері болып табылады.

Білім беру процесін ұйымдастырудың факторлары, шарттары және жалпы принциптері білім алушылардың оқу-зерттеу іс-әрекетін оқу-тәрбие процесінде табысты жүзеге асыруға және белсендіруге ықпал етеді (кесте 1) [3].

Кесте 1 - Оқу-зерттеу қызметінің факторлары, шарттары, принциптері

Факторлар	Шарттар	Жалпы принциптер
1. Оқуға жеке-бағдарлы көзқарас. 2. Нәтижелерге өнімді қол жеткізуге бағдарлану. 3. Проблемалық оқыту шығармашылық әрекет тәжірибесін дамыту құралы ретінде. 4. Оқу үрдісін шығармашылықпен ұйымдастыру, оны шығармашылық жағдаяттармен барынша қанықтыру. 5. Бірлескен ізденіс әрекетінің жағдайын жасау. 6. Оқу процесін егжей-тегжейлі көрсету. 7. Шығармашылық белсенділік үшін психологиялық ахуал, оңтайлы жағдай жасау.	1. Ұжымдағы достық атмосфера. 2. Оқытудың жеке және ұжымдық формаларының үйлесімі. 3. Тәрбие жұмысының танымдық қиындығын арттыру принципі бойынша оқу материалын құрылымдау. 4. Оқушыларды танымдық әрекеттің ұтымды әдістерімен қаруландыру. 5. Оқуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және т.б. ішкі ынталандыруды қалыптастыру. 6. Оқу процесін егжей-тегжейлі көрсету. 7. Шығармашылық белсенділік үшін психологиялық ахуал, оңтайлы жағдай жасау.	1. Оқытудың мотивтері мен стимулдарын құрудағы педагогикалық жетекшілік. 2. Зерттелетін объектіге қызығушылықты ояту. 3. Оқушыларды танымдық ізденіс әрекетінің қажетті әдістерімен қаруландыру. 4. Білім беруде даралау принципін жүйелі түрде жүзеге асыру. 5. Оқытудың техникалық және көрнекі құралдарын кеңінен қолдану. 6. Компьютерлік технологияны тәжірибеге енгізу және жүйелі пайдалану. 7. Стандартты емес шешімдерді және ақпарат көздерін өз бетінше іздеуді талап ететін шығармашылық тапсырмаларды әзірлеу. 8. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін дидактикалық және әдістемелік тұрғыдан негізделген әдістерді біріктіру және байланыстыру.

Мектеп оқушыларын білім беру зерттеулеріне тарту екі бағытта жүруі керек – мазмұндық және ұйымдастырушылық. Мәнді дербестік оқушының сырттан көмексіз өзіне оқу міндетін қойып, оның шешу жолын елестете алуынан да көрінеді. Ұйымдастырушылық дербестік оқушының мәселені шешуде өз жұмысын ұйымдастыра білуінен көрінеді.

Жаратылыстану пәндеріндегі оқу-зерттеу қызметі теориялық білім мен экспериментті пайдалануды біріктіреді, модельдеуді, зерттеу жоспарын құруды, экспериментті жүзеге асыруды талап етеді, схема мен диаграммаларды құрастыру дағдыларына ие болады. Білім алушы зерттелетін мәселені тұжырымдап, оның пайда болу себептерін алға және негіздеуге, эксперимент жасап, жүргізуге, қорытындылар мен ұсыныстар жасауға үйренуі керек. Дұрыс ұйымдастырылған оқу-зерттеу жұмыстары оқушыларда жалпы, аймақтық және жергілікті мәселелер бойынша жаратылыстану білімдерін қалыптастыруға ықпал етеді [4].

Жаратылыстану ғылымындағы оқу-зерттеу қызметі келесі міндеттерді анықтайды.

1. Танымдық, шығармашылық, эксперименттік-зерттеу әрекетіне қызығушылықты қалыптастыру;

2. Мектеп оқушыларының әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауына жағдай жасау;
3. Мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын жетілдіру;
4. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен тұлғалық қасиеттерін дамыту;
5. Оқу ордасында оқуды одан әрі жалғастыруға бағыт-бағдар беру.

Педагогикалық тәжірибеде көп жылдар бойы оқушыларды табиғатпен таныстыру және оны зерттеу бойынша іс-әрекеттің әртүрлі формалары мен түрлерінің жүйесін ұйымдастыру бойынша мақсатты жұмыстар дамып келеді. Білім алушылардың жаратылыстану ғылымдары бойынша оқу және ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінің ішінен негізгі үшеуін бөліп көрсетуге болады: теориялық зерттеу; қолданбалы, эксперименттік және проблемалық зерттеулер; экологиялық мониторингтің бірыңғай бағдарламасы бойынша жүйелі, кешенді зерттеулер.

Жаратылыстану пәндері – биология, химия, физика, экология оқушыларды оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуға, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға нақты мүмкіндіктерге ие. Ұзақ мерзімді бақылаулар, эксперименттер, дербес оқу зерттеулері осы пәндерді оқытудың құрамдас бөлігі болуы мүмкін және болуға тиіс [5].

Оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстары оқу уақытында да, сабақтан тыс уақытта да жүргізіледі. Дегенмен, толыққанды білім беру зерттеуін дәстүрлі сабақтың шеңберіне сыйғызу іс жүзінде мүмкін емес, тек зерттеу әдісінің жекелеген элементтерін сабақта тәжірибе жүзінде қолдануға болады (кесте 2).

Кесте 2 - Сабақтағы оқу-зерттеу жұмыстарының элементтері

Пән	Сабақ тақырыбы	Зерттеу жұмысының тақырыбы	Зерттеу жұмысының мақсаты
Биология «Адам және оның денсаулығы» бөлімі	«Тыныс алу жүйесі», «Зат алмасу»	«Спорттың мектеп оқушыларының денсаулығына әсері»	Оқушыларға ұсынылады: 1. Тыныс алу жүйесінің функционалды жағдайын зерттеу. 2. «Әртүрлі физикалық жүктемелерге жұмсалатын энергияны анықтау. 3. Күнделікті тамақтану рационын құру.
Биология «Жалпы биология» бөлімі	«Ағзалардың тіршілік ету ортасы және оның факторлары»	«Су қоймасының экожүйесінің экологиялық жағдайын зерттеу»	Оқушыларға ұсынылады: 1. Детерминанттарды пайдалана отырып, су қоймасының әртүрлілігін зерттеу. 2. Органолептикалық көрсеткіштері арқылы судың экологиялық жағдайын анықтау.
Физика (интеграция – физика, экология, химия)	«Электр тогы»	«Өсімдіктердегі электр тогы»	Оқушыларға ұсынылады: 1. Бақылау жүргізіп, токтың (биоэлектрлік потенциал) неден және қандай заттан пайда болатынын және оның жұмыс істеу уақыт аралығын дәлелдеу. 2. Өсімдіктердің қайсысында көбірек жол бар екенін көру үшін тәжірибе жасау.
Физика	«Лазерлер»	«Жылдамдық пен қашықтықты лазермен өлшеу»	Оқушыларға ұсынылады: 1. Лазер көмегімен қашықтық пен жылдамдықты өлшеудің қарапайым тәсілдерін қарастырып, тәжірибеде сынап көру. 2. Іс жүзінде қолайлы лазерлік қашықтық өлшегіш пен жылдамдық өлшегішті ұсыну.
Химия	«Биологиялық маңызды заттар»	«Әртүрлі сусындардағы С витаминін анықтау»	Оқушыларға ұсынылады: 1. Кейбір шырындардағы, сусындардағы, коктейльдердегі С витаминіне сандық талдау жасау.
Химия	«Химиялық реакциялар. Химиялық реакциялардың жылдамдығы»	«Химиялық тербелмелі реакциялардың жүруіне әсер ететін факторларды зерттеу»	Оқушыларға ұсынылады: 1. Тербелмелі реакциялар есебінің қазіргі жағдайын қарастыру. 2. Оларды ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында қолданудың кейбір аспектілерін зерттеу.

Биология, химия, физика сабақтарында оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында мұғалімнің рөлі айтарлықтай өзгереді, ол ақпараттық кеңістік арқылы ақпарат «көзінен»

«жол көрсетушіге» айналады. Мұғалім ғылымның интерпретаторы және жаңа ақпарат тасымалдаушысы ретінде емес, оқушылардың білім алу, дағдыларды меңгеру және ақыл-ой әрекетінің әдістерін меңгеру үшін жүйелі өз бетінше ізденіс әрекетін шебер ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді.

Зерттеу нәтижелері. Жаратылыстану ғылымдарының зерттеу аясы өте алуан түрлі. Ең бастысы, жұмыс оқушының қызығушылығына, оның жасына, жеке және интеллектуалдық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы керек. Бақылаулар мен зерттеулер үшін жергілікті табиғи жағдайлардың маңызды аспектілерін барынша әдеттегі және анық көрсететін объектілер мен құбылыстар таңдалады; жүйелі және тұрақты бақылаулар үшін қолжетімді; оқушылардың жаратылыстану түсініктерін, логикалық ойлауын, танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру және дамыту, практикалық дағдыларын жетілдіру үшін оқу үрдісінде пайдалануға болады [6].

Ең терең және мазмұнды оқу-зерттеу жұмыстары сыныптан тыс жұмыстар барысында жүргізіледі. Негізгі және қосымша білім беру, әдетте, параллельді, өздігінен және кезенді түрде қиылысады. Сонымен қатар, негізгі және қосымша білім берудің өзара байланысы оқушының күшті, саналы білім жүйесін мақсатты түрде қалыптастыруға және суперпәндік дағдыларды меңгеруге ықпал етеді, оқу және ғылыми-зерттеу әрекетіне кең мүмкіндіктер ашады.

Мектеп кеңістігіндегі қосымша білімге оқушының ой-өрісін кеңейтуге, оның өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға, алған білімдерін өмірлік мәселелерді шешуге қолдана білуге, зерттеушілік дағдыларына көмектесетін барлық нәрсе кіреді.

Сыныптан тыс жұмыста оқытудың әртүрлі белсенді формалары бар [7] :

- жұмыстың ізденіс, талқылау формаларына басымдық берілген, ал мақсаттары зерттеушілік сипатта болатын пәндік үйірмелер;

- арнайы ұйымдастырылған пікірталас клубтары, оларда әрбір сабаққа мәселе арнайы талқылауға ұсынылады;

- зерттеу жоспарының мектеп баспа органының мерзімді басылымы;

- дизайн және зерттеу бағыты бар іскерлік ойындар;

- басым бағыттар мен басым мәселелер белгіленетін және ерекше ынталандырылатын ғылыми-зерттеу конкурстары;

- практикалық және тіпті ғылыми құндылық критерийлері бойынша өткізілетін зерттеу идеяларының (мәселелерінің) конкурстары;

- конкурста жеңіп шыққан зерттеу мәселесі төңірегінде әртүрлі жастағы балаларды біріктіретін таңдау пәндері;

- сабақта проблемалық тәсілді, проблемалық әдісті және пікірталастарды кеңінен қолдану;

- зерттеу жұмысының нәтижелерін ұсынудың әртүрлі формалары.

Негізгі және қосымша білім берудің өзара байланысы оқу және ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Оқу-зерттеу жұмыстары бақылау әдісін қолдану арқылы үйірме жұмысы кезінде тиімді жүзеге асырылады.

Ғылымда бақылау әдісі зерттеудің немесе тәжірибенің нақты міндетіне байланысты қоршаған шындықтың құбылыстарын әдейі және мақсатты түрде қабылдау ретінде қарастырылады [8].

Мониторингтің сәттілігі бірқатар факторларға байланысты:

- бақылаудың нақты қойылған мақсаты және оған жету үшін таңдалған объект;

- мектеп оқушылары үшін жеткілікті білім және технология қорының болуы;

- мониторинг жүргізу үшін қажетті құралдардың болуы.

Нәтижелерді талқылау. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, жаратылыстану пәндері бойынша оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын сыныптан тыс уақытта ұйымдастыру мектеп оқушыларын баурап алады, пәнді терең меңгеруге жақсы ынталандыру қызметін атқарады және табиғатты зерттеу мен қорғауда белсенді практикалық іс-әрекетке ынталандырады. Білім алушыларға да салауатты өмір салтын ұстануға, өз денсаулығына және басқалардың денсаулығына қамқорлық жасауға қызығушылық танытады. Осыған байланысты оқушыларды келесі тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге шақыруға болады (кесте 3) [9-10].

Кесте 3 - Жаратылыстану пәндері бойынша оқу және зерттеу жұмыстарының тақырыптары

Биология пәні бойынша тақырыптар	Физика пәні бойынша тақырыптар	Химия пәні бойынша тақырыптар
<ol style="list-style-type: none"> 1. Орман өсімдіктерінің түрлік алуандылығына салыстырмалы талдау жасау. 2. Ауаның тазалығын қыналар индикациясы бойынша анықтау. 3. Биогумустың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсері. 4. Экожүйе ретінде жазғы саяжай аймағы. 5. Ашытқылардың таңғажайып әлемі. 6. Құстардың миграциясына қорек факторының әсері. 7. Бактериялардың өсуі мен дамуына өсімдік фитонцидтерінің әсері. 8. Ауада микроағзалардың болуын анықтау. 9. Тіс – организмнің толық дамуының кілті. 10. Биологиялық белсенді қоспалар. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Баламалы энергия көздері: физикалық құбылыстар, пайдалану технологиясы. 2. Электростатикалық өрістегі диэлектриктер. 3. Аналитикалық механика және сандық модельдеу. 4. Органикалық молекулалардың сынуы және физикалық сипаттамасы. 5. Сұйық қабықшалар қозғалысының қарапайым үлгілері. 6. Кумулятивтік әсер. 7. Жылдамдық пен қашықтықты лазермен өлшеу. 8. Пирозлектрдің физикалық негіздері. 9. Жарық және көру. 10. Өсімдіктердегі электр тогы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ауыз судағы марганецті фотоколориметриялық жолмен анықтау. 2. Сілтілік металдар және олардың қасиеттері. 3. Тұрмыстық заттардағы қорғасынның мөлшері. 4. Электролиттік әдіспен никель-мырыш қорытпасын алу. 5. Тағам өнімдерін талдау. 6. Индикаторлар. 7. Қағаздады зерттеу жұмысы. 8. Темекідегі ауыр металдардың мөлшері туралы. 9. Су үлгілерін талдаудың физика-химиялық әдістері. 10. Ауыз судың химиялық анализі.

Қосымша білім беру жүйесінде баға қою әдетке айналмағанына қарамастан, мұғалімдер оқушыларды жеке жетістіктерге ынталандыру жолдарын табады. Оқушылар ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін олимпиадада өзіндік жұмыс ретінде, мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу конференциясында баяндама ретінде, мерзімді басылымдардың бірінде мақала ретінде көрсете алады.

Қорытынды. Білім алушылардың оқу-зерттеу қызметі - бұл жеке тұлғаның даралығы тек білім беру бағдарламалары мен дәстүрлі технологиялармен шектелмейтін, ғылыми зерттеулердің қажеттілігіне айналатын жол. Зерттеу тәсілін қолдану мүмкіндіктері тек ғылыми зерттеу әдістері туралы білімді қалыптастыру және зерттеу дағдыларын меңгеруден де кеңірек болып келеді. Бұл тәсілді қолдану білім алушылардың ғылым арқылы іс-әрекетке баулу, олардың шығармашылық тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін ең тиімді жол болып көрінеді: интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі, танымдық дербестік, белсенділік, стандартты емес шешімдерді іздеудегі бастамашылық, өз қызметін жаңа жағдайларға бейімдеу қабілеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Философский энциклопедический словарь/ Под ред. Губского Е.Ф. - М.: ИНФРА-М, 2003. - 576с.*
2. *Степанова М. Учебно-исследовательская деятельность школьников в профильном обучении. – Litres, 2017.*
3. *Соловова Н.В., & Яшкин С.Н. (2015). Базовые принципы научно-исследовательской работы кафедры. Вестник Самарского государственного университета, (11 (133)), 207-214.*
4. *Rwegoshora H. M. M. A guide to social science research. – MkukinaNyota publishers, 2016.*
5. *Воробьева О. В. и др. Особенности формирования естественнонаучных знаний в современной школе //Современные проблемы науки и образования. – 2017. – №. 2. – С. 145-145.*
6. *Хачатурова К. Р. Развитие творческого потенциала старших подростков средствами предметов естественно-научного цикла. – 2019.*
7. *Соколова И. В., Сергеев А. Э. Внеурочная деятельность как форма интеграции науки и школьного образования //Современные наукоемкие технологии. – 2018. – №. 9. – С. 193-197.*
8. *Азғыбаева А. Қ. Ғылыми зерттеулер негіздері. – 2015.*

9. Астахова А. А. и др. Организация исследовательской деятельности учащихся химико-биологического отделения Специализированного учебно-научного центра МГУ //Наука и школа. – 2017. – №. 4. – С. 135-144.

10. Бегашева И. С., Елисеева О. В. К вопросу о формировании исследовательской компетенции обучающихся в рамках внеурочной деятельности по физике //Символ науки. – 2016. – №.4-2. – С.79-82.

ӘОЖ 546(072)-003.292.3

Н.М. Әсетіллі¹, Д.А. Касымбекова¹, Ж.Қ. Қорғанбаева¹
¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қ, Қазақстан

БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПӘНІНЕН ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДА СТУДЕНТТЕРТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Ақпаратты жинақтау, өңдеу және тарату мәселесі адам дамуының барлық кезеңдерінде және барлық іс-әрекет салаларында, соның ішінде білім беру үрдісінде де маңызды. Осы мақалада ақпараттық технологияның қазіргі білім берудегі мүмкіндіктері, әсіресе білімді бекітуде қолданылатын тапсырмаларды бағалаудағы тиімділігі қарастырылған.

Оқыту үрдісінде компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін пайдалану, білімгерлердің оқу үдерісі кезіндегі жұмыс жасау сипатының өзгеруі, тапсырмаларды орындаудағы талпыныстарының артуына, білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын тудырып, олардың зердесіне, сезіміне, мүддесіне, көзқарасына әсер ете отырып, интеллектілік мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Мақалада кредиттік оқыту жағдайында бейорганикалық химия курсына студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшеліне талдау жасалған. Мұғалім-химиктерді даярлауда бейорганикалық химияны оқыту кезінде студенттердің өзіндік жұмысын үйлестірудің негізгі бағыттары келтірілген. Студенттің өзіндік жұмыс жасауда білім дағдыларын қалыптастыруға байланысты нақты ұсыныстары көрсетілген.

Түйін сөздер: студенттің өзіндік жұмысы, бейорганикалық химия, интеллект, дербестік, зерттеушілік.

Әсетіллі Н.М.¹, Касымбекова Д.А.¹, Қорғанбаева Ж.Қ.¹
¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПОВЫШЕНИИ КРЕАТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ НА ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ ПО НЕОРГАНИЧЕСКОЙ ХИМИИ

Аннотация

Проблема накопления, обработки и распространения информации является важной на всех этапах человеческого развития и во всех сферах деятельности, в том числе в процессе обучения. В статье рассматриваются возможности информационных технологий в современном образовании.

Использование компьютерных технологий в учебном процессе, изменение характера работы обучающихся во время занятий, повышает интерес обучающихся к обучению, способствует повышению их интеллектуальных возможностей, влияя на их интеллект, чувства, интересы, взгляды.

В статье проведен анализ особенностей организации самостоятельной работы студентов по дисциплине неорганическая химия в условиях кредитного обучения. Приведены основные направления координации самостоятельной работы студентов при обучении неорганической химии в подготовке учителей-химиков. Отражены конкретные рекомендации студента по формированию навыков самостоятельной работы.

Ключевые слова: самостоятельность студента, неорганическая химия, интеллект, самостоятельность, исследовательские.

*N. Assetilla¹, D. Kassymbekova¹, Z. Korganbayeva¹
¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

THE USE OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN INCREASING THE CREATIVITY OF STUDENTS IN PRACTICAL CLASSES IN INORGANIC CHEMISTRY

Abstract

The problem of accumulation, processing and dissemination of information is important at all stages of human development and in all spheres of activity, including in the learning process. The article discusses the possibilities of information technology in modern education.

The use of computer technologies in the educational process, changing the nature of the work of students during classes, increases the interest of students in learning, helps to increase their intellectual capabilities, affecting their intelligence, feelings, interests, views.

The article analyzes the features of the organization of independent work of students in the discipline of inorganic chemistry in the conditions of credit training. The main directions of coordination of independent work of students in teaching inorganic chemistry in the training of chemical teachers are given. The specific recommendations of the student on the formation of independent work skills are reflected.

Keywords: student's independence, inorganic chemistry, intelligence, independence, research.

Қоғамда ғылым мен білімнің қай саласы болмасын қарқынды дамуы, көбіне оның халқының білімі, мәдениеті, экономикалық әлеуеті, экологиялық құндылықтары, әлеуметтік жағдайы сияқты т.б. факторлармен анықталады. Сондықтан, біздің ойымызша, білім жүйесін үздіксіз жетілдіру, жаңалықтар мен ақпараттар ағынының иірімінен қалмай сабақтаса дамытын, нарықтағы бәсекелестікке дайын боларлықтай білімді мамандар дайындау - бүгінгі күннің ең негізгі және өзекті мәселесі. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр - ақпараттандыру ғасыры» деп аталғанын тілге тиек ете отырып, еліміз де ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамдағы ақпараттық технологияландырудың жаңа кезеңіне енді. Қоғамды ақпараттандыру - экономиканың, ғылымының, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөл өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруші мұғалімге жүктеледі [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді жаңартуда педагогикалық кадрларды, соның ішінде, жалпы білім беретін мектептер үшін мұғалім-химиктерді даярлау жүйесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Кредиттік технология жағдайында жоғары химиялық-педагогикалық білімнің мазмұнын қайта қарау, оның құзыреттілік тұрғыдан құрылуы, педагогикалық жоғары оқу орнанда химия бойынша пәндік және кәсіби пәндерді оқыту барысында болашақ мұғалім-химиктерді даярлау, оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатына сәйкес болуы керек [2].

Жоғары білімнің нәтижелері мына құзыреттіліктермен белгіленеді: жалпы білімділік, әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқару, арнаулы. Жалпы білімділікке келесі талаптар қойылады:

- ойлау мәдениеті жоғары, жалпы дүниетанымы кең, жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары және әлеуметтік-гуманитарлық сала бойынша базалық білімдерді меңгеруі;

- химия ғылымдары салалары бойынша іргелі және қолданбалы теориялық мәселелерді меңгерген, білім беру саласындағы міндеттерді тұжырымдау және ұқыпты шеше білуі, педагогикалық қызмет шеңберінде ақпараттық технологияларды қолдана білуі, зерттеу қызметін табысты іске асыра алуы.

Қазақстан ғалымдарының [3-5] пікірінше, жоғары кәсіби білім беру бағдарламасын жасауда жоғары оқу орындарын бітірушілерге жаңа талаптар қойылып отыр. Болашақ мұғалім-химик тек қазіргі ақпараттық технологияны игеріп қана қоймай, коммуникативтік қабілеттілікке, алған білімін инновациялық технологияларға өзгерту іскерлігіне, сонымен бірге, өздігінен білім алу және біліктілікті арттыру дағдыларына ие болуы, яғни үздіксіз білім алып дамып отыруы қажет. Студенттерге саналы да, жүйелі, мақсатқа бағытталған және белсенді өз бетімен орындай алатын іс-әрекет бағыттау керек. Бұл іс-әрекетті ұйымдастыру білім алушылардың әрекетін жоспарлаудың, ұйымдастырудың және бақылаудың ғылыми негізделген жүйесін жасау негізінде ғана мүмкін болады [6].

Педагогикалық мамандықтарында, әсіресе бейорганикалық химия пәнін оқытуда өзіндік жұмыстарды (СӨЖ) ұйымдастыру өзекті мәселе болып табылады, өйткені бұл пән І-ші курста оқытылады. Ал мектептен келген оқушылардың өзіндік жұмыстану дағдылары мүлдем қалыптаспаған деп есептеуге болады. Осыған байланысты білім алушы өздігінен жұмыстануды ұйымдастыру негіздерін меңгеріп, өзіндік жұмыстың іскерлігі мен дағдысын игеруі керек.

Бүгінгі жоғары мектеп мұғалімінің негізгі міндеттерінің бірі инновациялық іс-әрекетке, өздігінен білім алуға, өздігінен дамуға қабілетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бұл міндеттерді шешу үшін оқытушының білім алушыға білім беру үдерісінде өзіндік жұмыстарды жасауда қойылатын талаптары, студенттің өздігінен тапсырманы орындауында ізденімпаздық, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруды дұрыс жолға қою маңызды. Білімді алушының ролінен туындайтын сұрақтар мен проблемаларды анықтай алатын, оны шешу жолдарына талдау жасап, үйлесімді нәтиже таба алатын тұлға тәрбиелеу қажет. Бұл қажеттілік білім алушылардың кәсіптік-педагогикалық бағытталуынан туындайды, себебі болашақ мұғалім өз бетімен жұмыстанып қана қоймай, болашақ мамандығында оқушылардың дәл осындай дағдыларын қалыптастыру қажеттілігінен туады.

Ғылыми әдебиеттерде студенттің өзіндік жұмысына көптеген анықтамалар берілген [7-8]. Алайда, алуан түрлі анықтамаларды талдай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: студенттің өзіндік жұмысы – бұл қойылған мақсатты орындауға бағытталған, оқытушының тікелей қатысуынсыз жүзеге асырылатын, оқытушының жетекшілігімен ұйымдастырылатын, студенттің белсенді іс-әрекеті. Осы анықтамадан шығатын қорытынды, студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыруға қажетті өте маңызды және міндетті шарт – бұл өз бетімен білім алу және дағдылану іскерліктерін қалыптастыру, оқу және ғылыми іс-әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігі болып табылады. Осыған сәйкес студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың және іске асырудың басты мақсатына сәйкес келуі тиіс, яғни кәсіби құзіреттіліктерге ие, өзін-өзі іске асыруға дайын, жоғары кәсіби білімді маманды даярлау.

Студенттің өзіндік жұмысының мақсаты өз бетімен алынған теориялық білімдерін, практикалық іскерліктерін жүйелеу және бекіту. Сонымен қатар теориялық білімдерін тереңдете отырып, қажетті нормативті, құқықтық, анықтама құжаттарын және арнайы әдебиеттерді пайдалану іскерліктерін қалыптастыру; студенттердің танымдық қабілеттерін: шығармашылық белсенділігін, дербестігін, жауапкершілігі мен ұйымдастыруды дамыту; өздігінен ойлауды қалыптастыру; зерттеушілік іскерліктері мен дағдысын дамыту сияқты міндеттерді айқындайды.

Студенттің өзіндік жұмысы оқу және кәсіби деңгейдегі мәселелерді шешуде дербестік, жауапкершілік пен ұйымдастырушылықты, шығармашылық тәсілдерді дамытуға мүмкіндік туғызады. Студенттің өзіндік жұмысын жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы және нәтижелі болу үшін оқытушы төмендегі іс-әрекеттер жасауы қажет:

- 1) әр өзіндік жұмыстың міндеті мен мақсаттарын анықтап, білім алушыға жеткізу;
- 2) оқытылатын тақырыптың қандай да бір бөлігін өзіндік оқуға ұсыну, яғни тапсырманы нақты беру;
- 3) тапсырманы нақты беру, яғни анықтама бер, оқып үйренгеніннен қорытынды жаса, мына есептеулерді орындап, график сыз, түйіндемесін жаз дегендей;
- 4) берілетін тапсырманың көлемі тапсырылатын уақыттан сәйкес болуы қажет;
- 5) өзіндік тапсырманың тақырыбына байланысты өзіндік жұмысының формасын өзгертіп отыру қажет;
- 6) оқытушының өзі тапсырма беріп отырғанда студенттің қандай құзыреттілігін дамытатындығын мақсаттап отыру қажет;
- 7) әр тапсырманың бақылау және бағалау формаларын да ойластыру қажет.

Нәтижелерді талдау. Зерттеу жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Жаратылыстану және география институты Химия білім беру бағдарламалар тобының І курс студенттерінің білім беру үдерісінде жүргізілді. Зерттеу жұмысының басында сандық технология дәуірінде оқыту теориясына жаңа көзқарас туралы Химия ББ тобының профессор оқытушылары мен студенттерден сауалнама алынды. Сауалнама Google диск арқылы жүргізілді.

Кесте 1 - Сандық технология дәуірінде оқыту теориясына жаңа көзқарастуралы студенттерге арналған сауалнама

№	Сұрақтар	Жауаптар		
		А	Ә	В
1	Бейорганикалық химия сабағының жүргізілу реті көңіліңізден шығады ма?	88,9 %	11,1 %	-
2	Бейорганикалық химия сабағындағы тапсырмаларды шешу сізге қиындық туғызады ма?	33,3 %	44,4 %	22,2 %
3	Бейорганикалық химияда берілген күрделі есептермен жұмыс жасай аласыз ба?	33,3 %	11,1 %	55,6 %
4	Өз бетіңізше виртуалды зертханалық жұмыстар жасауға жасқанбайсыз ба?	55,6 %	33,3 %	11,1 %
5	Бейорганикалық химия сабағына қызығушылық танытасыз ба?	100 %		
6	Бейорганикалық химия бойынша қосымша курстар жүргізілгенін қалайсыз ба?	55,6 %	33,3 %	11,1 %
7	Бейорганикалық химия сабағында жасалынған зертханалық жұмыстар ойыңыздан шығады ма?	100 %		
8	Бейорганикалық химия зертханасы толықтай жабдықталу студенттің танымын арттыра алады ма?	100 %		
9	Болашақта бейорганикалық химия саласы бойынша ғылыми жұмыспен айналысқыңыз келе ме?	66,7 %	22,2 %	11,1 %
10	Бейорганикалық химия пәнін жаңа технологияны пайдаланып өткізілгенін қалайсыз ба?	88,9 %	11,1 %	

Жаңа көзқарас туралы студенттерге арналған сауалнама нәтижелері (әрiппен белгіленген)

А	Иә	Иә, әрине
Ә	Жоқ	Жоқ, келіспеймін
В	Білмеймін	Жауап беруге қиналамын

Сауалнама нәтижесі бойынша студенттер барлығы бейорганикалық химия пәніне қызығушылық танытатындығына көз жеткіздік, студенттерге виртуалдық зертханалық жұмыстар жүргізу аса қиындық туғызбайды. Студенттердің 90 %-ға жуығы бейорганикалық химия пәнінде жаңа технологияларды қолданылып сабақ өтілгенін қалайды. Студенттердің қызығушылығының жоғары екендігінің бір дәлелі, 67 % студенттер бейорганикалық химия саласы бойынша ғылыми жұмыспен айналысқысы келетіндіктерін білдірген.

Зерттеу жұмыстарын бастамас бұрын, студенттердің білім деңгейімен танысу мақсатында студенттер өткен тақырыптар негізінде тест алынды. Тест осы аралық бақылау аясында өтілген тақырыптарды негізге ала отырып құрастырылды. Әрбір студент жеке дара сұрақтарға жауап беруі міндеттелді.


Кесте 2 - Білім алушылардың білім деңгейін бағдарлау мақсатында алынған тест сұрақтары

№	Сұрақтар	Жауаптар	
		А	В
1	Төменде сипатталған элемент қандай элемент. «Ол өткір иісті, сары жасыл газ ауадан 2,5 есе ауыр. Тыныс жолдарын тітіркендіріп, жөтел туғызады, көп мөлшері тұншықтырады...»	10	1
2	Калий гипохлориды түзілген реакцияны көрсетіңіз	5	6

3	Жавель суы түзілген реакцияны белгілеңіз	4	7
4	Төменде физикалық қасиет қандай элементке тән. « Иссіз, түссіз, ауадан шамалы ауыр газ. Ол -183°C -та сұйылады, $-218,8^{\circ}\text{C}$ -та қар сияқты қатты затқа айналады. Суда аз ериді...»	6	5
5	Күкірт табиғатта бос күйінде және қосылыс түрінде кездеседі. Күкірттің жиі кездесетін қосылыстарының бірі – мирабилит. Мирабилит дұрыс формуласын бергілеңіз	5	6
6	Берілген сипаттама күкірттің қандай қосылысының физикалық қасиеті «түссіз, ауыр, май тәрізді сұйықтық. Сатылуға арналған қышқылдың тығыздығы $1,84\text{ г/см}^3$, суда жақсы ериді. Еру кезінде ол суды өзіне сіңіреді де өте көп мөлшерде жылу бөлінеді...»	4	7
7	Таңбасы латынша нитрогениум, яғни селитра тудырғыш – деген сөзден шыққан элементті белгілеңіз	8	3
8	Азоттың көрсететін валенттіліктері	9	2
9	«Өткір иісті, түссіз газ. Ауадан жеңіл. Ол өте улы. $33,4^{\circ}\text{C}$ -та сұйыққа айналады, ал $77,8^{\circ}\text{C}$ -та қатады. Оны арнайы цистерна мен баллондарда сақтап, тасымалдайды.» сипаттамаға сай келетін қосылысты белгілеңіз.	5	6
10	«Өзіне тән иісі бар, кара-қоңыр түсті улы зат. Ол азот қышқылы ыдырағанда бөлінеді. Сондықтан азот қышқылы сарғыш болып тұрады.» мәтінде азоттың қандай оксиді туралы айтылған.	4	7

Бейорганикалық химия пәні бойынша алынған тест сұрақтарына нәтижелері (әріппен белгіленген)


А	Дұрыс жауап берген	Бұл бағанадағы сандар, тестке қатысқан студенттер саны
В	Дұрыс емес жауап берген	



Сурет 1 - Білім алушылардың білім деңгейін бағдарлау мақсатында жасалған тапсырма нәтижелерінің диаграмасы

Білім алушылардың білім деңгейін бағдарлау мақсатында алынған тест нәтижелері бойынша жалпы 10 сұрақ қойылды. Максимальды балл 10 балл ретінде есептелінді. Ең жоғары көрсеткіш көрсеткен студент 7 балл жинады. Студенттердің көпшілігі 5-6 сұраққа ғана дұрыс жауап бере алған. 2 студент 3 балл жинады.

Жоғарыдағы сауалнама нәтижелерін негізге ала отырып, білім алушылардың білім деңгейін бағдарлау мақсатында алынған тест нәтижелерін есепке алып, Фосфор тақырыбында 1-курс студенттеріне сабақ өткізілді. Сабақ барысында виртуалды лабораториялық зертханалық жұмыстар жасалынып, ютуб әлеуметтік желісінде тақырып төңірегіндегі видеолар көрсетілді. Әрбір лабораториялық жұмыстарға талдау жасалып, студенттер нақты түсіндірілді. Фосфордың адам өміріндегі маңызы мен табиғаттағы атқаратын рөлін студенттерге жіті түсіндірілді. Сабақты қорытындылау мақсатында студенттерге логикалық, шығармашылық ойлауды қажет ететін сұрақтар қойылып, әртүрлі реакция теңдеулеріне негізделген күрделі есептер шығарылды. Сабақты қаншалықты түсінгендіктерін талдау мақсатында Microsoft Teams бағдарламасында арнайы сұрақтар дайындалды. 2-суретте студенттер нәтижелері көрсетілген.



Студент	Әрекет	Сәт	Бал
МН Нышанбай, Мерей	✓ Сдано	✓	15
ҚН Нұрбергенова, Қарақат	✓ Сдано	✓	15
АН Нұрланқызы, Аида	✓ Сдано	✓	15
ДН Нұрмұха, Диас	✓ Сдано	✓	15
ӨО Олжабай, Өсел	✓ Сдано	✓	15
ГО Олжабекова, Гаухар	✓ Сдано	✓	15
МО Омарова, Мелдір	⌚ Сдано позже на 2 минуты	⌚	10
ЖО Омурджанова, Жаркынай	✓ Сдано	✓	15
АО Оралбай, Альбина	✓ Сдано	✓	15
ДО Орынбасар, Динара	✓ Сдано	✓	15
ЕӨ Өмірқұл, Елдос	✓ Сдано	✓	14

Сурет 2 - Microsoft Teams бағдарламасында жасалған тапсырма нәтижелері

Тапсырмалар әртүрлі форматта жасалды. Жалпы тапсырма саны 11, максималды бал саны 15 болды. 2-суреттегі нәтижелерге қарай отырып 1 студент ғана 10 бал жинаған. Қалғандары сұрақтарға толық жауап беріп тиесілі балды толықтай жинай алған.

Қорытынды. Нәтижелерді талдай отырып, студенттердің шығармашылық қабілетін, құлшынысын жоғарылату мүмкін екенін көруге болады. Практикалық сабақтарда студенттердің шығармашылық қабілеттеріне көңіл бөліп, арнайы шығармашылық қабілеттерін көтеретін, қызығушылығын арттыратын тапсырмалар беріп, олардың қазіргі заманауи технологияларды өз қажеттіліктеріне пайдалана алуға жол көрсету керек.

Студенттің өзіндік жұмысты орындау нәтижесінде мынадай құзіреттіліктер қалыптастырады:

- ақпаратты іздеу және іріктеу процесінде ғылыми, публистикалық мәтіннің ерекшеліктерін ажырата білуді және есепке алуды;
- ғаламдық желілер ресурстарын, ақпараттық технологияларды (интернет, аудио- және видео, электрондық пошта және басқаларын), ең басты ізденіс жүйелерін игеріп, пайдалану;
- өз іс- әрекетінің нәтижелерін жазбаша түрде дұрыс тұжырымдауды;
- зейінін шоғырландыру және жаттықтыру дағдысын;
- оқып меңгерілген материалды өздігінен талдау және есте сақтау дағдысын;
- зерттеу және оны талдау әдістерін (реферат жазудан кейін экспериментті қою) қолдануды, зерттеуді және уақытты тиімді де, ұтымды бөліп алу дағдысын.

Оқытушының негізгі міндеттерінің бірі студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда арнайы критерилер құрастыра отырып өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. Заман талабына сай ақпараттық технология мүмкіндіктерін меңгерген білім алушылардың қоғамның дамуында алар орны маңызды болары сөзсіз. Болашақ маман жоғары оқу орнын аяқтап, білім алушыдан өзі білім беруші оқытушыға айналғаннан бастап, өзі оқу үдерісі кезінде меңгерген зерттеушілік, өз бетінше білім алу құзіреттіліктері жоғарыболса, ары қарай дамуы да қарқынды болары сөзсіз. Білім алу мен білім беру үдерісі екі жағдайда да үздіксіз процес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан -2014. - 28 қаңтар.- № 41-42. - 2 б.*
2. *Химия мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, ҚР МЖМБС б. 08.068. - Астана, 2010.*
3. *Нұрахметов Н.Н., Әлдибекова К.Н. Кредиттік оқыту жүйесі: студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру, орындау, бағалаудың ғылыми-әдістемелік негізі // Әдістемелік құрал. - Алматы, 2007. - 111 б.*
4. *Ниязбаева А.И., Нұрахметов Н.Н. Химик - мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары // ҚазҰУ хабаршысы. Химия сериясы. - 2008. - N 3. - Б 241-245*
5. *Тантыбаева Б.С. Химияның арнаулы курстары арқылы студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі: пед. ғыл, канд. автореф. /С. Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан мем. ун-ті. - Алматы, 2009. - 28 б.*
6. *Әжібекова Ж. Оқу процесінде гипермәтіндік электрондық оқулықтарды енгіз. // «Информатика негіздері», №3, 2003. -5-7б.*
7. *Витязева О.В., Пак М.С. Система комплексной самостоятельной работы студентов при изучении неорганической химии в педвузе // Актуальные проблемы модернизации химического и естественнонаучного образования: Материалы 55 Всероссийской научно-практической конференции химиков с международным участием, 4-7 апреля 2006 года, г. Санкт-Петербург: -СПб:Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2008. - С. 238 - 239.*
8. *Григорян В.Г. Химич П.Г. Роль преподавателя в организации самостоятельной работы студентов // Высшее образование в России. - 2009. - N 11. - С. 108-114 .*
9. *Титова Г.Ю. О технологии организации самостоятельной работы студентов //Вестник Томского государственного педагогического университета. - 2010. - N1 (91). - С. 123-126 .*

ӘОЖ 546(076)

Г.А. Каманова¹, Т.Н. Акылбекова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ МАҚСАТЫНДА ЖОО-ДА БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ КУРСЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНАОТЫРЫП САБАҚ ЖҮРГІЗУ

Аңдатпа

Мақала білім берудегі цифрландыру және цифрлық технологиялар мәселелеріне арналған. Қазіргі қоғам ақпараттың үлкен ағымымен және әр түрлі қызмет салаларына инновациялардың енгізілуімен сипатталады, бұл адамнан белгілі бір білім мен дағдыларды талап етеді, оның басында шығармашылық және шығармашылық ойлау. Күнделікті жұмыс жасанды интеллектке негізделген электронды компьютерлерге белсенді түрде беріледі. Білім беру жүйесі экономика мен еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз ететін цифрлық дәуірге сенімді өтуді қамтамасыз етуге тиіс. Білім беру жүйесі цифрландыру жағдайында табысты өмір сүру үшін адамның негізгі білімі мен дағдыларын қалыптастырады. Бұл мақалада цифрлық технологияларды қолдану және оқушыларды цифрлық әлеуметтендіруді қамтамасыз ету қажеттілігі негізделген, цифрландыру тұжырымдамасы қарастырылған және білім берудегі цифрлық технологиялар ұсынылған. Цифрлық технологиялар-бұл қазіргі заманғы әлемдегі құрал ғана емес, сонымен қатар оқыту үшін кең мүмкіндіктер ашатын, жасампаз болуға көмектесетін орта.

Түйін сөздер: цифрландыру, білім беру, цифрлық технология, білім беру жүйесін жетілдіру, жасанды интеллект, дағды, еңбек өнімділігі, цифрлық дәуір, инновация, цифрлық әлеуметтендіру.

Каманова Г.А.¹, Акылбекова Т.Н.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПРОВЕДЕНИЕ ЗАНЯТИЙ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПО КУРСАМ НЕОРГАНИЧЕСКОЙ ХИМИИ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ С ЦЕЛЬЮ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

Статья посвящена вопросу цифровизации и цифровым технологиям в образовании. Современное общество характеризуется большим потоком информации и внедрением в различные сферы деятельности нововведений, что требует от человека определенного багажа знаний и умений, во главе которых – креативность и творческое мышление. Рутинная работа активно передается электронно-вычислительным машинам, в основе которых лежит искусственный интеллект. Система образования должна обеспечить уверенный переход в цифровую эпоху, которая обеспечит рост экономики и производительности труда. Система образования формирует у человека базовые знания и умения для успешного существования в условиях цифровизации. В данной статье обоснована необходимость использования цифровых технологий и обеспечения цифровой социализации учащихся, рассмотрено понятие цифровизации и представлены цифровые технологии в образовании. Цифровые технологии – это не просто инструмент в современном мире, но и среда, которая открывает обширные возможности для обучения, которая поможет стать создателем.

Ключевые слова: цифровизация, образования, цифровая технология, совершенствование системы образования, искусственный интеллект, навыки, производительность труда, цифровая эпоха, инновации, цифровая социализация.

G. Kamanova¹, T. Akylbekova¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

CONDUCTING CLASSES USING DIGITAL TECHNOLOGIES OF INORGANIC CHEMISTRY COURSES IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS IN ORDER TO DIGITIZE EDUCATION

Abstract

The article is devoted to the issue of digitalization and digital technologies in education. Modern society is characterized by a large flow of information and the introduction of innovations in various fields of activity, which requires a certain amount of knowledge and skills from a person, at the head of which is creativity and creative thinking. The routine work is actively transferred to electronic computers, which are based on artificial intelligence. The education system should ensure a confident transition into the digital age, which will ensure the growth of the economy and labor productivity. The education system forms a person's basic knowledge and skills for a successful existence in digitalization. This article substantiates the need to use digital technologies and ensure digital socialization of students, considers the concept of digitalization and presents digital technologies in education. Digital technology is not just a tool in the modern world, but also an environment that opens up vast learning opportunities that will help to become a creator.

Keywords: digitalization, digital technologies in education, improvement of the education system, artificial intelligence, skills, labor productivity, digital age, innovation, digital socialization.

Кіріспе. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде инновациялар адам қызметінің әртүрлі салаларына белсенді түрде енгізілуде, бұл адамдардан, біріншіден, бар білім мен дағдыларды үнемі дамытуды және жетілдіруді, екіншіден, шығармашылықты, шығармашылық ойлауды және ынтымақтастыққа дайын болуды талап етеді, өйткені күнделікті жұмыс компьютерлерге көбірек берілуде. Осыған байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ерекше маңызға ие.

Толық, қол жетімді және сенімді ақпарат беру кез – келген қызмет саласында сәттіліктің кепілі болып табылады. Жаңа құралдар адамның мүмкіндіктерін кеңейтеді және толықтырады, неғұрлым күрделі құралдарды (интернет + іздеу жүйелері + әлеуметтік желілер) пайдалану барған сайын күрделі танымдық процестерді дамытуды талап етеді.

Цифрлық ресурстарды пайдаланатын оқушылар санының өсуі де маңызды болып табылады, бұл олардың қазіргі заманғы цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға деген қызығушылығының артқандығын куәландырады. Бұл білім беруді цифрландыруға қосымша серпін береді.

Осылайша, қазіргі заманғы адамда ақпараттық мәдениетті қалыптастыру және мектеп жасынан бастап жайлы өмір сүрудің міндетті шарты ретінде сандық әлеуметтенуді қамтамасыз ету қажеттілігі байқалады. Бұл бағыттар Білім беру жүйесінде басымдыққа ие болуға тиіс.

Білім беру жүйесі экономиканың өсуі мен өнімді еңбек қатынастары тән болып табылатын цифрлық қоғамға сенімді көшуді қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Жоғарыда айтылғандай, жасанды интеллектке негізделген компьютерлер еңбек нарығында белсенді қолданылады, олар күнделікті жұмысты сәтті орындайды. Қазіргі адамның міндеті-жаңашылдықты құру және енгізу мақсатында шығармашылық және шығармашылық ойлауды көрсету.

Дәстүрлі технологиялармен қатар цифрлық технологияларды пайдалану білім берудің икемділігі мен технологиялылығын, сондай-ақ білім алушылардың оқу процесіне уәждемелік құрамдасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, цифрландыру ұғымы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы мен қолданылуына байланысты пайда болады деген қорытындыға келеміз [1].

"Цифрландыру" ұғымының мазмұнын талдай отырып, интернет желісін, жасанды интеллект пен гаджеттерді дамыту – өнімді қызмет негізделетін цифрландырудың базалық технологиялары деген қорытынды жасауға болады. Білім беру саласында "білім беруді цифрландыру" және "цифрлық технологиялар" ұғымдары енгізілуде.

Білім беруді цифрландыру еңбек нарығындағы, білім беру стандарттарындағы өзгерістерге, халықтың жаңа құзыреттерін қалыптастырудағы қажеттіліктерді анықтауға алып келеді және білім беру процесін қайта ұйымдастыруға, педагогтың рөлін қайта қарастыруға бағытталған. Бір жағынан, цифрландыру мектептің бұрынғы әдістемелік негізін бұзады, екінші жағынан, ақпараттың әр түрлі формаларында, тек мәтін түрінде ғана емес, сонымен қатар дыбыстық, визуалды түрде де қол жетімділігін тудырады. Ақпараттың қол жетімділігі үнемі іздеуді және тиісті және қызықты мазмұнды таңдауды, оны өңдеудің жоғары жылдамдығын қажет етеді. Демек, білім беруді цифрландыру оның түбегейлі, сапалы қайта құрылуына алып келеді. Мұғалім жаңа технологиялық құралдарды және іс жүзінде шексіз ақпараттық ресурстарды қолдануды үйренуі керек.

Виртуалды шындық технологиялары бір жұмыс орнына байланбаған цифрлық тренажерларды қолдану мүмкіндігін жасайды, бұл зерттелетін технологиялардың ауқымын кеңейтеді. Мобильді оқыту технологиялары кез келген уақытта және кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді. Білім беруді цифрландырудың негізгі элементтерінің бірі Цифрлық сауаттылық болып табылады. Цифрлық сауаттылық - білім берудің басты басымдығы, бұл компьютерлік бағдарламалауды, визуализацияның графикалық техникасын, компьютерлік графиканы, мультимедианы қолдана отырып, цифрлық технологиялардың көмегімен контентті жобалау және пайдалану, онлайн-курстарды әзірлеу және т.б., ақпаратты іздеу және алмасу, басқа білім алушылармен қарым-қатынас жасау қабілеті [2].

Цифрлық сауаттылық бойынша біз оның әртүрлі түрлерін қарастырамыз: медиа сауаттылық, инновацияға деген көзқарас, коммуникативті, компьютерлік, ақпараттық сауаттылық. Цифрландыру міндеттерін шешу үшін біздің біліміміз цифрлық трансформациядан өтуі тиіс.

Ғалымдардың пікірінше, білім берудің цифрлық трансформациясы-бұл әлемде болып жатқан жаһандық ақпараттық сын-қатерлерге жауап.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындары барлық білім алушыларға ұсынатын онлайн - курстар сияқты білім беру технологиялары кеңінен қолданылады. Қашықтықтан қолданылатын жаппай білім беру курстары сияқты білім беру технологиялары студенттерге кез-келген ыңғайлы түрде оқуға көмектеседі және белгілі бір дайындық бағыты бойынша білікті білім алуға мүмкіндік береді [3].

Асинхронды курстар мұғалімнің теориялық материалдарды және курс бойынша әртүрлі тапсырмаларды интернетте орналастыратындығымен ерекшеленеді, ал студенттер кез-келген уақытта ақпаратпен жұмыс істейді. Бізге "аралас оқыту" ұнайды, ол аудиториядағы мұғаліммен және интерактивті мүмкіндіктермен бетпе-бет "нақты оқытуды" біріктіреді.

Қазіргі уақытта сұранысқа ие технология дербес цифрлық құрылғылардан (Смартфондар,

планшеттер және т.б.) оқу ақпаратын пайдалануға мүмкіндік беретін "мобильді оқыту" технологиясы болып табылады.

Онлайн оқыту кезінде мұғалімдер "курсты басқару жүйесі" сияқты технологияны қолданады. Бұл технология оқытушыға білім беру курстарын жобалауға және оларды желіде орналастыруға мүмкіндік беретін құралдардан (бағдарламалық жасақтама) тұрады [4].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Заманауи цифрлық мәдениетті анықтайтын негізгі құбылыстарға дербес компьютер мен сандық құрылғылардың барлық түрлері жатады: ғаламтор, жасанды интеллект, жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлік графика және виртуалды шындық жүйелері, дәстүрлі байланыс құралдарының сандық форматтары (кітаптар, фотосуреттер, аудио және бейнежазбалар, сандық теледидар және т.б.), компьютерлік ойындар, технологиялық өнер туындылары. Аталған үрдістер толықтай ғаламтор желісінде болып, дәстүрлі қабылдау үшін жиі теріс қабылданатын екіұшты тенденцияларды тудырады. Цифрлық дәуірде мәдениеттің ерекше түрін қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр (Галкин, 2013) [5].

Қазіргі таңда сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданбай елестету мүмкін емес, сондықтан әрбір мұғалім ақпараттық технологияны толық меңгеріп, ғаламторда еркін жұмыс істей білуі тиісті. Мұнда педагог білім беріп қана қоймай, білім алушыларды өз бетімен білімді толықтыру көздерін табуға, өзін-өзі жүзеге асыра білуге бағыттау қызметін атқарады.

Электронды білім беру ресурстары оқыту құралы ретінде дәстүрлі оқыту құралдарымен салыстырғанда олардың біршама артықшылықтары бар, оларға:

- Мультимедиа құралдары
- Интерактивтілік
- Қолжетімділік
- Жан-жақтылығы
- Вариативтілігі жатады [6].

Зерттеу нәтижелері және талдау. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы 2021- 2022 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Химиямамандығының 1 курс студенттерімен ұйымдастырылды. Бір топша - бақылау тобы ретінде алынса, екінші топша - эксперимент топ ретінде алынды. Топтарға бірнеше тақырыпта сабақ жүргізілді. Кредит саны - 5, аптасына әр топшаға 2 сағаттан сабақтар (дәріс, зертханалық сабақ) өткізілді.

Зерттеу жүргізу барысында теориялық әдістердің ішінен: педагогикалық, психологиялық, салыстыру, жүйелеу, қорытындылау жұмыстары; эмпирикалық әдістен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілген болатын. Негізгі бағыт цифрлы білім беру ресурстары туралы таным, бейорганикалық химия бөлімін оқытуды дамытуға бағытталды.

Кесте 1 - Студенттердің экспериментке дейінгі білім көрсеткіші

Топ	Студент саны	Экспериментке дейінгі білім көрсеткіші		
		Өте жақсы	Жақсы	Орташа
1 топша - эксперимент	12	17%	41%	41%
2 топша - бақылау	11	18%	36%	45%

Дамыған заман ағымындағы цифрландыру жүйесі тез әрі қызықты дайындалатын сабақтарымен ерекшеленеді. Бұл оқытушыға ауқымды мазмұндакөмек беруі, яғни мультимедиялық проектор арқылы сандық нысандарды көрнекі түрде көрсетуі; білім алушылардың сандық білім беру ресурстарымен жұмысының жекелік, зерттеушілік, сондай-ақ, шығармашылық сипатта болуын ұйымдастыруы; сабаққа деген қызығушылығын айтарлықтай арттыруымен біршама артықшылықтарға ие. Топшаларға бірдей көлемде дәріс ақпараттары, зертханалық жұмыстар берілді. Тек эксперименттік 1-ші топшаға қазіргі уақытта кеңінен қолданылып жүрген ойындар (Kahoot, Learning.apps, Quizziz, т.б.) және тақырыпқа сәйкес плакаттар мен тұжырымдамалар қолданылды. Осылайша:

Кесте 2 - Студенттердің эксперименттен кейінгі білім көрсеткіші

Топ	Студент саны	Экспериментке дейінгі білім көрсеткіші		
		Өте жақсы	Жақсы	Орташа
1 топша - эксперимент	12	33%	41%	25%
2 топша - бақылау	11	18%	45%	36%

Алынған білім көрсеткіштерінен экспериментке қатысқан студенттердің білім деңгейінің артқандығын байқауға болады. Ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетіп қана қоймай, білім беру жүйесін жаңаша құруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық технологиялар негізінде құрылған оқытудың жаңа моделіне сәйкесті құрылған сабақтар нәтижесіз қалмайтындығын көрсетті

Қорытынды. Қорытындылай келе, ЦБР басты артықшылықтары – бұл оқытушыға ауқымды мазмұндақөмек беруі, яғни мультимедиялық проектор арқылы сандық нысандарды көрнекі түрде көрсетуі; білім алушылардың сандық білім беру ресурстарымен жұмысының жекелік, зерттеушілік, сондай-ақ, шығармашылық сипатта болуын ұйымдастыруы; сабаққа деген қызығушылығын айтарлықтай арттыру мүмкіндігін тудырды. Цифрлық білім беру ресурстарын кәсіби қызметтегі көп қырлы оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттары мен қызметтерін тиімді жүзеге асыруға болады. Әртүрлі әдіс-тәсілдерді меңгере отырып, сабақты жүйелі әлі жинақы өткізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вартанова Е. Л. *Цифровое будущее: академическая монография* / Е.Л. Вартанова, А.В.Вырковский, М. И. Максеенко, С. С. Смирнов. *МедиаМир*, 2017г - 160 с.
2. *Цифровизация [Электронный ресурс]*. Викисловарь.
3. Марей А. *Цифровизация как изменение парадигмы [Электронный ресурс]*.
4. Кашина Е. А. *Прогнозирование структуры интегрированного курса информатики*. Екатеринбург, 1997. — 187 с.
5. Галкин, Д.В. *От кибернетических автоматов к искусственной жизни: теоретические и историко-культурные аспекты формирования цифровой культуры [Текст]: автореф. дис. ... д-ра философ. наук / Д.В. Галкин. – Томск, 2013. – 51с.*
6. Мошқалов А.Қ. *Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің теориялық-практикалық негіздері // Ғылыми-педагогикалық басылым «Ұлт тағлымы». – 2012. – №2. – С. 262-267.*

References:

1. Vartanova E. L. *Digital future: an academic monograph* / E.L. Vartanova, A.V. Vyrkovsky, M.I.Makseenko, S. S. Smirnov. *MediaMir*, 2017 - 160 s.
2. *Digitalization [Electronic resource]*. Wiktionary.
3. Marei A. *Digitalization as a paradigm shift [Electronic resource]*.
4. Kashina E. A. *Forecasting the structure of an integrated computer science course*. Yekaterinburg, 1997. — 187s.
5. Galkin, D.V. *From cybernetic automata to artificial life: theoretical and historical-cultural aspects of the formation of digital culture [Text]: abstract. dis. ... Doctor of Philosophy / D.V. Galkin. – Tomsk, 2013. – 51s.*
6. Moshkalov A. K. *theoretical and practical foundations of the introduction of information and communication technologies in the education system // Scientific and pedagogical publication "ult tagylymy". – 2012. – №2. – S. 262-267.*

ӘОЖ 54:372.8
FTAMP 31.01.45

Сағынбаева К.П.¹, Мукатаева Ж.С.¹, Дюсембаева Г.Т.¹
¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ. Қазақстан

ОРТА МЕКТЕП ХИМИЯСЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада орта мектеп химиясында жаңа технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың білім деңгейін арттырудың әдістемелік ерекшеліктері жайлы көрсетілген.

Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру арқылы креативті қоғам мен адами капиталды дамыту, креативті ойлауды дамыту және цифрландыруға байланысты көптеген міндеттер Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін жақсартудың маңызды факторлары болып табылады. Осыған байланысты ҚР Үкіметінің қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827) бекітілді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – цифрлық экожүйені прогрессивті дамыту арқылы халықтың өмір сүру сапасын және Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады [1].

Соған сәйкес қазіргі таңда химия пәндеріне арналған кабинеттер толығымен жабдықталуда және де платформалармен, сайттар және білім порталдарын қолдануға мүмкіндік туындауда. Демек баланы оқыту кезінде сабақты толығымен жаңа технологияларды қолдану арқылы өтіп сабақты заманауи түрде өтуімізге жол ашып отыр. Қазіргі заман талабына сәйкес балалар жаңа технологияларды қолдануға бейім келеді сондықтан білім беру процесіне АКТ кіріктіріп өтер болсақ білім алушылардың қиын деп білетін пәндерін оңай жолмен үйретіп пәнге деген қызығушылықтарын арттыру барысында білім деңгейін біршама арттыра түсеміз.

Түйін сөздер: ақпараттық ресурстар, цифрлы құзіреттілік, жанашыл ұстаз, «Цифрлы Қазақстан», білім, дағды, қабілеттер.

Сағынбаева К.П.¹, Мукатаева Ж.С.¹, Дюсембаева Г.Т.¹
¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОВЫШЕНИЯ УРОВНЯ ЗНАНИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ С ПРИМЕНЕНИЕМ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ХИМИИ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

Аннотация

В данной статье рассказывается о методических особенностях повышения уровня знаний обучающихся с применением новых технологий в химии средней школы.

Важными факторами улучшения конкурентоспособности Казахстана являются повышение цифровой грамотности населения, развитие креативного общества и человеческого капитала через повышение квалификации специалистов в области информационно-коммуникационных технологий, развитие креативного мышления и многие задачи, связанные с цифровизацией. В этой связи постановлением Правительства РК утверждена государственная программа «Цифровой Казахстан» (от 12 декабря 2017 года № 827).

Целью государственной программы «Цифровой Казахстан» является повышение качества жизни населения и конкурентоспособности экономики Казахстана через прогрессивное развитие цифровой экосистемы [1].

В настоящее время полностью оснащаются кабинеты по химии и появляется возможность пользоваться платформами, сайтами и образовательными порталами. Следовательно, при обучении ребенка урок проходит с использованием новейших технологий, что позволяет нам пройти урок в

современной форме. В соответствии с современными требованиями дети склонны к использованию новых технологий, поэтому, интегрируя ИКТ в образовательный процесс, мы значительно повышаем уровень знаний обучающихся в процессе обучения сложным дисциплинам простым способом.

Ключевые слова: информационные ресурсы, цифровая компетентность, учитель-новатор, «Цифровой толық Қазақстан», сауаттылықты знания, педагогикалық навьки, беріледі способности.

K. Sagynbayeva¹, Zh. Mukatayeva¹, G. Dyusembayeva¹

*¹Abay Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

METHODOLOGICAL FEATURES OF IMPROVING THE LEVEL OF KNOWLEDGE OF STUDENTS USING NEW TECHNOLOGIES IN SECONDARY SCHOOL CHEMISTRY

Abstract

In this article, it is reported about the methodological specifics of increasing the level of knowledge studied with the introduction of new technologies in chemistry of medium schools.

Important factors of improving the competitiveness of Kazakhstan are the improvement of digital certificates of the population, the development of the creative community and human capital through the improvement of the qualification of specialists in the field of information and communication technologies, the development of creative mouse and many tasks, connected with digitalization. «In this connection, the government of the Republic of Kazakhstan approved the state program «Digital Kazakhstan» (from December 12, 2017 No. 827)».

The purpose of the State Program " Digital Kazakhstan " is to improve the quality of life of the population and competitiveness of the economy of Kazakhstan through the progressive development of the digital ecosystem [1].

At present, the offices are based on chemistry and there is an opportunity to use platforms, websites and educational portals. It is noteworthy that during the training of the child, the Urok passes with the use of new technologies, which allows us to pass the Urok in modern form. In accordance with modern approaches to the use of new technologies, therefore, integrating ICT in the educational process, we significantly increase the level of knowledge that is taught in the process of training in a wide range of disciplines.

Keywords: Information Resources, digital competence, teacher-innovator, «Digital Complete Kazakhstan», knowledge of literacy, pedagogical skills, and skills.

Кіріспе. ҚР «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басым бағыты мектептің оқу процесіне цифрлық технологияларды енгізу, цифрлық сауаттылықты арттыру үшін білім беру мүмкіндіктерін құру болып табылады.

Атап айтқанда, 4-ші бағыт «Адами капиталды дамыту» білім беру саласымен байланысты. 4-бағыттың 1-міндетінде «Орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру» бойынша 2016 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі индикаторларға жету жоспарланған:

- Бастауыш мектепте бағдарламалау негіздерін оқыған оқушылар үлесі – 100%.
- Базалық АКТ құзыретімен шығарылған мамандар санының өсуі – 300 мың адам.
- АКТ саласындағы шығарылған мамандардың саны (жыл сайын) – 30 мың адам.

Бұл көрсеткіш әрбір педагогтің цифрлық дағдылар саласында адами капиталды дамытуға өз үлесін қоса алатындығымен сипатталады.

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.

ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды тәрбиелеу мен оқыту және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру болып табылады [1].

Халықаралық ұйымдар заманауи адамға қажетті құзіреттіліктерді – бір-бірін толықтыратын сандық, ақпараттық сауаттылықты жіктейді.

Цифрлық сауаттылық дегеніміз – цифрлық тұтыну, ақпаратты іздеу және өңдеу, бағалау, талдау

және жинақтау үшін, сондай-ақ сындарлы педагогикалық шешімдер қабылдау үшін педагогикалық топпен қарым-қатынас жасау кезінде интернет қызметтерін пайдалану деп келтіріледі.

Ал соңғы онжылдықтар ішінде әлемде заманауи технологиялар жедел қарқынмен дамып келеді, онда өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің шарты мен оны қалыптастырудың негізгі құралы цифрлық технологиялар болып табылады.

Қазіргі уақытта технологиялық революция – цифрлық трансформация процесі жүріп жатыр. Адамның басқаруындағы ескірген технологияның орнына жасанды интеллект технологиялары мен IT-басқару – бұлтты шешімдер, виртуалды және кеңейтілген шынайылық, интернет-заттар (IoT), машиналық оқыту, жасанды интеллект, блокчейн, болжамды аналитика, электрондық әмиян, цифрлық қолтаңба, электрондық журнал, цифрлық фотоаппарат және т.б. технологиялар еніп отыр [2]. Цифрлық технологиялар құралдарының даму прогресі білім берудің түрлі салаларында пайдаланылатын 3D баспа құрылғыларының көмегімен күрделі үш өлшемді модельдер жасауға мүмкіндік берді.

Ұзақ мерзімді экономикалық өсуді айқындауда креативті қоғамның маңыздылығы мен цифрлық технологияларды дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады [3].

Мектеп заманауи ақпараттық технологияларды қолдану білім беру процесін жетілдіру мен оңтайластырудың, жұмыс формасының әр тарапты және сабақты қызықты, әрі есте қаларлықтай етіп өткізуге үлкен мүмкіндік беретін әдіснамалық құралы мен әдістер жүйесін байытудың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Мұғалім оқушылармен бірге талықлап, өз білімін бөлісетін тасымалдаушы ғана емес, сонымен қатар цифрлы әлемге жол көрсететін жетекші болып табылады. Мұғалім цифрлы сауаттылыққа, компьютерлік модельдеу, программалау, ақпаратты іздеу, алмасу дағдыларына қоса алғанда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы контент жасаушы және оны қолдана білу қабілетіне ие болуы шарт [4].

Білім беруді цифрландырудың негізгі бағыттары мынадай:

- Әртүрлі бағыттағы педагогикалық бағыттағы бағдарламаларды әзірлеу;
- Цифрлы білім беру ресурстарын әзірлеу;
- Әдіснамалық және дидактикалық материалдарды әзірлеу;
- Виртуалды модельдермен компьютерлік зерттеулерді ұйымдастырып жүргізу;
- Ақпаратты мақсатты іздеуді жүзеге асыру;
- Ақпаратты технологияларды қолдана отырып оқу процесін тиімді басқару [5].

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану қажеттілігі оқушының оқу материалымен жұмыс жасауының психологиялық жайлылығы мен жетістікке жету үшін қолайлы жағдай болып табылады.

Цифрлық білім беру ресурстарын енгізу мыналарды көздейді:

- мектептің цифрлық ортасын дамыту;
- педагогтердің жұмысын әдістемелік қолдау және біліктілігін арттыру үшін инфрақұрылымды дамыту;
- білім беруді цифрландыру программаларын құру және жүзеге асыру;
- жаңа педагогикалық тәжірибелерді енгізетін және педагогтердің игеретін жұмысын әдістемелік қолдау;
- педагогтер мен оқушылардың цифрлық құзыреттілігін арттыру;
- жаңа оқу-әдістемелік материалдармен және цифрлық құралдармен жұмыс істеуге үйрету;
- жаңа оқу-әдістемелік материалдарды енгізу барысында жедел әдістемелік қолдау.

Жаңа буынның оқу материалдарына:

- цифрлық білім беру ресурстарының жинағы (кітапханасы);
- оқу-әдістемелік материалдар;
- оқу процесін ұйымдастыру бойынша программалық өнімдер мен құжаттар [6].

Сондай-ақ, оқу процесін басқаруға әсер ететін цифрлық технологияларға және білім беру ортасын қауіпсіздігіне, саралауға назар аудару қажет.

Зерттеудің мақсаты: заманауи технологиялардың көмегімен химия пәнін оқытудағы оқушылардың теориялық және практикалық білім электрондық дидактикалық құралдар негізінде қалыптастырудың педагогикалық шарттарын әдіснамалық – теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес зерттеу жұмысы Алматы облысы, Іле ауданының Т.Айбергенов атындағы №48 орта мектебінің 8 сынып оқушыларымен өткізілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Сынып оқушылары білім деңгейіне қарай екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (ЭТ) және бақылау тобы (БТ). 1-суретте эксперименттік топ (%) және бақылау тобы (%) жайлы мәліметтер көрсетілген.





Диаграмма 1 - 8 «А» және 8 «Б» сынып оқушыларының 1 тоқсан бойынша сапа көрсеткіштері






Бастапқыда екі топқа да бірдей тапсырмалар беріліп, химия пәнінен сабақ өткізілді (2 апта). Сосын эксперименттік топқа сабақ тақырыбына сәйкес заманауи платформалар мен сайттарды қолдана отырып жүргізілді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен белсенділігі арта бастады. Сабақ барысындағы сабақ жоспарының үлгілік нұсқасы:







Кесте 1 - Сабақ жоспары

Бөлім:	8.3В Химиялық байланыс түрлері
Педагогтің аты-жөні:	Сагынбаева Курбанай Полатовна
Күні:	18.02.2022
Сыныбы: 8	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Кристалдық тор түрлері, байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.1.4.3 -заттар қасиеттерінің кристалдық тор типтеріне тәуелділігін түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар үшін:</u> Кристалдық торлардың түрлерін ажыратады; <u>Көпшілік оқушылар үшін:</u> Кристалды заттардың байланыс типтерін сипаттайды; <u>Кейбір оқушылар үшін:</u> Заттардың қасиеттеріне қарай кристалдық торларын анықтайды.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы: Қызығушылық -ты ояту 8 мин.	Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Психологиялық ахуал туғызу. Өткен тақырыпты қайталау және жаңа тақырыпқа сілтеме алу үшін Learningapps бағдарламасын-	Сәлемдесу. Психологиялық ахуал туғызу мақсатында интерактив тақтада тұрған қосылысты мұғалім дауыстап айтқан кезде қосылыс ковалентті полюссіз байланыс болса оқушылар қолдарымен 1 шапалақтайды, ковалентті полності байланыста 2 шапалақтайды, иондық байланыс болса барабан сияқты партаны 1 рет	Дескриптор: Жалпы: 2 балл 1. Ковалентті және иондық байланысты ажырата алады. Дескрипторға сәйкес жауап берген оқушыларға тапсырма барысында жасыл –толық жауап берген, сары-жартылай жауап берген, ал қызыл түсті карточка дұрыс	 https://learninapps.org/watch?v=pdosuiki_k22

	<p>да берілген тапсырманы орындайды.</p> 	<p>соғады. «Қосылыстар әні» Тапсырма:</p>  <p>Ковалентті полностью, полюссіз және иондық байланыстың бірін таңдаймыз, таңдаған ұяшыққа байланысты сәйкес келетін мысалдырдың үстін басып шығамыз. Жауаптардың артында суреттер жасырылған, әр дұрыс жауапқа байланысты суреттер ашылып мозайка құрастырылады. Мозайка арқылы жаңа сабаққа сілтеме ашылады.</p>	<p>жауап бермеген оқушыларға беріледі.</p>	
<p>Жаңа сабаққа кіріспе 15</p>	<p>Жаңа сабақтың оқу мақсатына сүйене отырып оқушыларға жаңа сабақ түсіндіріледі. Bilimland.kz сайтынан видеоролик ұсынады.</p>	<p>Оқушылар сабақтың оқу мақсатымен таныса отырып, оқулықтан тірек сөздерді тауып презентациядан керекті мәліметтерді жазып алады. «INSERT» әдісі</p>	<p>Дескриптор: 1. Қатты заттар кристалдық тор түзетінін біледі. 2. Қатты заттардың кристалдық торларымен танысады. 3. Кристалдық торлардың түрлеріне байланысты мысал келтіреді.</p>	<p>8 сыныптың химия оқулығы, Менделеев кестесі, жұмыс дәптері, презентация Bilimland.kz</p>
<p>Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 19 мин.</p>	<p>Оқушыларға сілтеме арқылы тест тапсырмасы беріледі.</p> 	<p>1 - тапсырма: Оқушылар QR код немесе ватсаптан келген сілтеме арқылы тест тапсырмасын орындайды. Тест тапсырмаларына жауап беріп болған соң мұғаліммен бірге қатемен жұмыс істейді. Презентация арқылы дұрыс жауаптарын керіс байланыс ретінде қарастырады.</p>	<p>Дескриптор: Жалпы - 2 балл 1. Кристалдық торлардың түрлерін ажыратады.</p>	<p>Ұялы телефон Жұмыс дәптер</p>  <p>https://joyteka.com/100008013</p>
	<p>Learningapps.org бағдарламасы арқылы мәтінмен жұмыс беріледі.</p>	<p>2 - Тапсырма: Learningapps.org бағдарламасы. Оқушылар берілген мәтіндегі бос орындарға тиісті сөздерді қойып шығады. Керіс байланыс жасау мақсатында ерікті оқушылар мәтінді оқып</p>	<p>Дескриптор: Жалпы - 2 балл 1. Тапсырманы орындайды.</p>	<p>ДК экраны Жұмыс дәптері</p>  <p>https://learningapps.org/wat</p>

		<p>шығады.</p> 		<p>ch?v=p9js4w-wm522</p>
<p>Оқушыларға презентация арқылы функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырманы орындайды.</p> 	<p>3 - Тапсырма: Тапсырманың дұрыс жауабын кәтемен жұмыс жасау үшін канва сайтындағы презентацияда көрсетіледі.</p>	<p>Дескриптор: Жалпы - 3 балл 1. Периодтық кестедегі элементтің орнын сипаттай алады. 2. Реакция теңдеуін құрастыра алады. 3. Заттың қасиетіне қарай кристалдық торын анықтап береді.</p>		<p>ДК экраны Жұмыс дәптері Ұялы телефон</p> 
<p>Сабақтың соңы: Ой толғанғыс. Рефлексия 3 мин.</p>	<p>Оқушылардың сабақтан алған әсерлерін білу үшін монкей сайты арқылы онлайн рефлексия толтырады.</p> 	<p>Сабақтан алған көңіл күйіңіз: 1. Бүгінгі сабақты түсіндім 2. Бүгінгі сабақтан үйрендім 3. Бүгінгі сабақ түсініксіз болды</p>	<p>Мұғалім оқушыларды «Сиқырлы пішіндер» арқылы бағалайды. Сонымен қатар 1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</p>	 kundelik.kz

Аудандық ашық сабақ барысында жасалған қысқа мерзімді жоспарда ең алғаш тоқталатыным ұйымдастыру кезеңіндегі үй тапсырмасына бекітуге арналған тапсырма болатын. Бұл тапсырма Learningapps.org сайтынан фотомазайка әдісін қолдандым. Сол арқылы тапсырада психологиялық ахуал тудыруда қолданып ары қарай үй тапсырмасын бекіту тапсырмасына айналдыра отырып жаңа сабақтың тақырыбын бекіттім.

Ал сабақтың келесі кезеңі жаңа тақырыпты түсіндіру. Бұл кезеңде көрнекілік ретінде canva.com сайты арқылы жасалды. Заманауи презентация жасауға арналған таптырмас сайт болып табылады. Сайттан тек қана презентация емес плакаттар, видео-презентация, сайттарға арналған шаблондар, презентацияға арналған шаблондарды әр қолданушы өз қалауынша жасауға болады.

Келесі сабақтың ортасы, бұл кезеңде біз joyteka.com сайты арқылы жұмыс жүргіземіз. Бұл сайт көптеген функциялардан тұрады. Яғни, лабораториялық квест, видео сабақ, векторина, термин, тест. Әртүрлі деңгейдегі тест тапсырмалары қолданылды. Мысалы, кристалды торлардың 4 түріне және сипаттамасына байланысты тапсырма құрастырылып, ватсап және QR код арқылы оқушыларға ұсынылды. Тапсырманы орындап біткен соң оқушылар тесттің жауабын бірден көріп, қатемен жұмыс жасау мақсатында 1 оқушыны тақтаға шығарып тапсырма талқыланады. 2 деңгей Learningapps.org бағдарламасы арқылы мәтінмен жұмыс беріледі. Бұл тапсырмада канва сайтында берілген презентация арқылы жасалған мәтіннен үзінді болып табылады, мәтіндегі кейбір сөздер түсіп қалған, сондықтан берілген тірек сөздер арқылы мәтінді толықтырады. 3 тапсырма google.form арқылы жүргізіледі. Яғни функционалдық сауаттылыққа байланысты тапсырманы орындау барысында оқушылар Менделеев кестесін және ұялы телефонын пайдалана отырып жұмбақты шешеді. Тапсырманы электронды орындап болған соң оқушылардың арасынан бір оқушы тақтаға шығып жұмбақ жауабын және орындалуын тақтаға жазады да реакция теңдеуін түсіндіріп өтеді.

Сабақты қорытындылап бағалау және рефлексия.

Бұл кезеңде рефлексия Survey.monkey сайты арқылы жасалды. Сабақтың қорытындысын сабақ барысында берілген қима қағаздары нәтижесінде түрлі түсті қағаздарын қарай отырып мектеп журналына (kundelik.kz сайтына) қойылады. Әр сабақта 22 оқушыдан 11 оқушы бағаланып отырады. Оқытуда жаңа технологияларды қолдана отырып сабақ беру кезінде оқушылардың білім сапасының өзгергені туралы мәліметтер диаграмма түрінде көрсетілген.




Диаграмма 2 - 8 сынып оқушыларының заманауи технологияларды қолданғаннан кейінгі сана көрсеткіштері

Қорытынды. Жоғарыдағы нәтижелерді ескере отырып мынадай мынадай тұжырымға тоқталуға болады, егер білім беру ұйымдарында химия пәнін компьютермен оқыту бағдарламасы дайындалып, оған сәйкес химияны мультимедия әдістемесі бойынша сабақтар жүргізілсе, химиялық білім мен білікті игерту оқушылардың өзіне деген сенімі күшейіп, пәнге деген ізденушілік пен қызығушылығы артатыны байқалды [7]. Оқушылардың сабаққа ынталылығы жоғарылады, білуге ұмтылуы, қызығушылығы артты және жоғары баға алған оқушылардың саны артты. Экспериментінің тиімділігін компьютерлік бағдарлама дайындалып, онда материал мазмұны мен ақпараттық технология арқылы оқытуда қолданылатын әдіс – тәсілдер сараланып, мектеп тәжірибесіне енгізу ұйымдастырылды [8].

Жалпы алғанда, педагогикалық зерттеу кезінде білім алушылардың тарау бойынша алған білімдерінің бағдарламаға сәйкес пе тексерілді, тұтас талдау жасалды, қорытынды бақылау жұмыстары алынған кезде жұмыстары айтарлықтай сәтті жүргізілді. Қорыта келгенде заманауи технологияларды оқу процесіне пайдалану мәселесіне арналған зерттеулерге талдау жасасақ компьютердің төмендегідей дидактикалық мүмкіндіктерін көруге болады. Ол:

- оқушылардың өз бетімен шығармашылық бағытта жұмыс істеуіне, әсіресе химиялық құбылыстарды зерттеуге, басқаруға мүмкіндік береді;
- оқушылардың өзін-өзі бақылауына және өз жұмыс әрекетіне өзінің түзету енгізе білуіне үйретеді;
- басқа пәндерден алған білімдерін бекітуге көмектеседі;
- жалпы танымдық қабілеттердің дамуына әсер етеді;

- өткен материалдардағы құбылыстар мен заңдылықтарды көре отырып, сабақты пысықтауға мүмкіндік береді.

- материалдарды тез менгеруге, сонымен бірге уақыт ұтуға, пәнді біріктіріп оқуға жағдай жасайды, пәннің сапасы мен мазмұнына да түбегейлі өзгерістер енгізеді.

- табиғи жағдайда көзге көрінбейтін кейбір құрылыстарды экранда көруге, модель арқылы зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұл келтірілген компьютердің дидактикалық мүмкіндіктеріне оны химия сабағының тиімділігін арттыруда да пайдалануға болатынын көреміз. Кейінгі кезде информатиканың маңызы күннен күнге еселеп өсіп келеді. Компьютерді тек математикалық есептерді шығарып қоймай, химия пәнінен өзара байланыстырып оқыту көптеп қолға алына бастады [9, 10].

Химияны оқыту әдістемесі ғылымның қазіргі таңдағы жан-күйі оған шындырап көңіл бөлуді, оның мазмұнына, оқыту әдістеріне, формалары және құралдарына жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді. Сонда ғана осы пән және ғылым төңірегінде қолдаланып қалған заманауи мәселелер өз шешімін табуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. Сайтова Ш., ЭОЖ 372.854. Химия пәніндегі жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану. // Химия мектепте, 2/2018. - 33 б.
3. «Цифрлы құзіреттілік» Өрлеу Республикалық білім порталы;
4. Кобдикова Ж.У. Технология учебного процесса в образовательной школе. // творческая педагогика. - 2010. - № 2. - С. 49.
5. Овечкин В.П. Основные подходы к осуществлению технологического образования. // роль и место образовательной области среднего образования: тез. докл. III международ. науч.-практ. Конф.-брянск. - 2010. - С. 49-51.
6. Камиева Г.С. Ақпараттық технология арқылы оқытудағы ерекшеліктер. Вестник//Хабаршы. Серия Ест.науки. 2010. № 1(1). - Б. 27-31.
7. Безрукова Н.П., Сыромятников А.А., Безруков А.А., Реди Е.В., Изместьев Н.Д. Использование компьютерных технологий при изучении химической связи. // Химия в школе. - 2007. № 2. - С. 41-45.
8. Камиева Г.С. Ақпараттық технология арқылы оқытудағы ерекшеліктер. Вестник//Хабаршы. Серия Ест.науки. - 2010. № 1(1). - Б. 27-31.
9. Әлімова Ж.Б. Химия пәнін оқытуды технологиялық деңгейге көтерудің тиімділігі. Вестник//Хабаршы. Серия ест.науки. - 2011. № 1(19). - Б. 105-109.
10. Жұмаділова Р.Ж. Сабақтардың технологиялық карталары: жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларына арналған // Алматы: «Таймас» ЖШС. - 2009. - 280 б.

ЭОЖ 54:372.8
FTAMP 31.01.45

Шитай Ә.А.¹, Жанбеков Х.Н.¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қаласы, Қазақстан*

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ХИМИЯ ПӘНІНЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Білім беру процесі білім беру ортасында жаңа схемалар мен тәсілдерді қолданбай өмір сүре алмайтындардың қатарына жатады. Атап айтқанда, қашықтықтан оқыту жалпы білім берудің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесі шалғай өңірлердің тыңдаушыларымен жұмыс істеу, өзін-өзі оқыту әдістемесінің икемділігі, оқу құралдарының қолжетімділігі үшін ыңғайлы. Бұл мақаланың мақсаты химия сабақтарында қашықтықтан оқыту құралдарын зерттеу болып табылады. Мақаланың нысаны - қашықтықтан оқыту технологиясы болып табылады.

Түйін сөздер: химия, қашықтықтан оқыту, технологиялар, бағдарламалар, сабақтар.

Шитай Ә.А.¹, Жанбеков Х.Н.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ СРЕДСТВ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

В статье дается представление о дистанционном обучении и определяются основные цели и задачи его использования в образовании. Предусмотрено использование средств дистанционного обучения по химии в современном образовательном процессе.

Образовательный процесс относится к числу тех, кто не может существовать в образовательной среде без применения новых схем и подходов. В частности, дистанционное обучение является одним из важнейших аспектов общего образования. Система дистанционного обучения удобна для работы со слушателями из отдаленных регионов, гибкости методики самообучения, доступности учебных пособий. Целью данной статьи является изучение средств дистанционного обучения на уроках химии. Объектом статьи является технология дистанционного обучения.

Ключевые слова: дистанционное обучение, инновации, химия, технологии, программы, занятия.

Shitai A.A.¹, Zhanbekov H.N.¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE USE OF DISTANCE LEARNING TOOLS IN CHEMISTRY IN THE MODERN EDUCATIONAL PROCESS

Abstract

The article gives an idea of distance learning and defines the main goals and objectives of its use in education. The use of distance learning tools in chemistry in the modern educational process is envisaged.

The educational process is one of those who cannot exist in an educational environment without the use of new schemes and approaches. In particular, distance learning is one of the most important aspects of general education. The distance learning system is convenient for working with students from remote regions, the flexibility of self-learning methods, the availability of textbooks. The purpose of this article is to study the means of distance learning in chemistry lessons. The object of the article is the technology of distance learning.

Keywords: distance learning, innovation, chemistry, technology, programs, classes.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желіарқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші – адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалуы қажет.

«Білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар» түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолданылуда.

Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Қазіргі педагогиканың негізгі тенденциясы оқытуды өнеркәсіптік-технологиялық процеске айналдыру үшін дидактикалық жолын және құралын табу болды. Бұл ізденіс «педагогикалық технология» деген ұғымға әкелді. ХХІ ғасырда ақпарат жүйелерінің өркендеп, ғарыштап дамып келе жатқаны бәріне мәлім, өнеркәсіп пен ортаның дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстар табылады.

Сауатты өмір – дамудың жаңа фазасына енеді, бұл жаңа сауатты оқыту технологиясын құруға біртіндеп көшуді талап етеді. Оқытудың жаңа технологиясына көшу ұзақ уақыталады. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеп соқтырады. Негізгі базалық білім беру аймағында қызмет көрсету жағынан да

қашықтықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде. Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтықтан оқыту – мұғалім мен оқушының тікелей байланысысыз қашықтықтан оқытуға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастыру әдісі [1].

Қашықтықтан оқытудың мақсаттарын келесідей тұжырымдауға болады:

- оқу процесіне жаңа білім беру технологияларын енгізу және осы арқылы қазіргі заманғы білім беру кеңістігін құру;

- мұғалімнің нұсқауымен оқушылардың өзіндік іздестіру жұмысын ынталандыру;

- репродуктивті оқытудан қазіргі заманға біртіндеп көшу.

Осы мақсаттарға жету үшін қашықтықтан оқытудың негізгі міндеттері:

- қашықтықтан оқыту технологиясының ерекшелігі мен мәнін анықтау;

- қашықтықтан оқыту технологиясын деңгейлеп, саралап оқыту технологиясымен байланыстыру;

- қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін анықтау;

- локальді желі мен интернет жүйесінің мүмкіншіліктерін пайдалану;

- қашықтықтан оқыту технологиясы түрлерін жүзеге асырудың ұтымды әдістерін ұсыну;

Х.А. Сундеткалиева¹, К.А. Кадирбеков²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Ә.Б.Бектұров атындағы химия ғылымдары институты,
Алматы қ., Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ДАЙЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада цифрлық білім берудің Қазақстан Республикасындағы жағдайы талқыланды. Химиядан қашықтықтан оқытуда қолданылатын электронды оқу әдістемелік құралды дайындау өзектілігі көрсетілді. 10-сынып оқушыларына органикалық химия пәнінен «Органикалық химияның теориялық негіздері» және «Көмірсутектер» бөлімі бойынша жасалған жаңа электронды мультимедиялық оқу құралы таныстырылды. Дайындалған электронды оқу әдістемелік құралдың ерекшеліктері мен тиімділіктері көрсетілді.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, цифрлық білім беру ресурстары, электрондық оқу құралы, электрондық оқу әдістемелік құрал, интерактивті мультимедиялық оқу құралы, органикалық химия, көмірсутектер.

Сундеткалиева Х.А.¹, Кадирбеков К.А.²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²Институт химических наук имени А.Б.Бектұрова,
г. Алматы, Казахстан

МЕТОДОЛОГИЯ ПОДГОТОВКИ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация

В статье рассматривается состояние цифрового образования в Республике Казахстан. Подчеркнута актуальность разработки электронно-методических учебников для дистанционного обучения химии.

Ученикам 10-х классов был представлен новый электронный мультимедийный учебник по органической химии в разделах «Теоретические основы органической химии» и «Углеводороды». Показаны особенности и эффективность разработанного электронного учебника.

Ключевые слова: дистанционное обучение, цифровые образовательные ресурсы, электронный учебник, электронно-методический учебник, интерактивный мультимедиа учебник, органическая химия, углеводороды.

K. Sundetkaliyeva¹, K. Kadirbekov²

*¹Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan*

*²A.B. Bekturov Institute of Chemical Sciences,
Almaty, Kazakhstan²*

METHODOLOGY OF PREPARATION OF DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES

Abstract

The article examines the state of digital education in the Republic of Kazakhstan. The relevance of the development of electronic methodological textbooks for distance learning in chemistry is emphasized. The 10th grade students were presented with a new electronic multimedia textbook on organic chemistry in the sections «Theoretical foundations of organic chemistry» and «Hydrocarbons». The features and effectiveness of the developed electronic textbook are shown.

Keywords: distance learning, digital educational resources, electronic textbook, electronic methodological textbook, interactive multimedia textbook, organic chemistry, hydrocarbons.

Әлемде орын алған COVID-19 пандемиясынан кейін біз дәстүрлі білім беруден цифрлық білім беруге көз ілестірмес жылдамдықпен көштік. Дамудың әртүрлі кезеңдерінде бұл ауысу білім беруді компьютерлендіру мен ақпараттандырудан цифрландыру жағдайында білім беруді трансформациялау уақытына да келді [1; 73].

Цифрлық сауаттылық дегеніміз – адамның сандық құралдарды (кең мағынада) өздері үшін пайдалы қолдана алу қабілеті [2; 36]. Оқытушылар онлайн режимде оқу процесін педагогикалық сауатты ұйымдастыру үшін қажетті платформалар мен интернет-ресурстарды қолдану дағдыларын жеткілікті деңгейде игерулері үлкен маңызға ие. Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ЭЫДҰ) 16-65 жас аралығындағы ересектердің құзыреттілігін бағалау бағдарламасы PIAAC (The Programme for the International Assessment of Adult Competencies) нәтижесі бойынша Қазақстан оқу сауаттылығы бойынша 34-орын, математикалық сауаттылық бойынша 33-орын (39 ел арасында), ақпараттық-коммуникациялық технологиялар сауаттылығы бойынша 32-орын (36 ел арасында) иеленді [3].

Елбасының 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру туралы Жалпыұлттық жоспарында көрсетілгендей цифрландырудың негізі болып табылатын үшінші жаңғырудың мақсаты – Қазақстанның 2050 жылға қарай әлемдегі ең танымал мемлекеттер арасынан 30-орынға орнығуы [4].

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) –білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың ЦБР белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Цифрлық білім бері ресурстарының негізгі түрі – электрондық оқу әдістемелік құралдар. Электрондық оқу әдістемелік құралдар – оқушыға жеткізілетін оқу және зерттеу материалдарын ақпараттық технологиялар арқылы ұсынуды қамтамасыз ететін тасымалдағыштағы бағдарламалық жабдық немесе қосымша ғылыми педагогикалық құрал. Электрондық оқу құралдарын пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, олардың өз бетінше жұмысын орындауға, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне, терең тиянақты білім алу салаларын жоғары дәрежеге жеткізуге жағдай жасай отырып, үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді [5; 120].

Химия – мектеп бағдарламасының жалпы білім беретін күрделі пәндерінің бірі. Қашықтықтан оқуда мектептегі химия курсының негізін сәтті меңгеру оңай емес. Біріншіден, бұл теориялық

материалдардың үлкен көлемі, кейде күрделі, пәндік дағдыларды игеру, оқуға бөлінген сағаттардың аз болуына байланысты. Екіншіден, мектептерде химия пәнінен қажетті электронды оқу әдістемелік құралдарының болмауы.

Мәселенің өзектілігі және оның жеткіліксіз пысықталуы «химиядан электронды оқу әдістемелік құралдарын жасау» тақырыбын айқындады. Жұмыстың мақсаты: 10-сынып оқушыларына органикалық химия пәнінен «Органикалық химияның теориялық негіздері» және «Көмірсутектер» бөлімі бойынша жасалған жаңа электронды мультимедиялық оқу құралымен таныстыру. Электронды оқу құралы 10-сынып оқушыларына арналған. Сонымен қатар, басқа да сынып мектеп оқушыларына осы тақырыптар бойынша білімін тереңдетуге, ізденуіне және өзіндік жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, жоғарғы оқу орнына түсуге дайындықта пайдалануға арналған.

Органикалық химия тірі организмдердің құрылымы мен жұмыс істеуіне, әртүрлі материалдар мен бұйымдарды өндіруге және сауатты қолдануға ғылыми негіздеме береді. Органикалық химия негіздерін білу адамды қазіргі қоғамдағы өмірге дайындаудағы маңызды элемент болып табылады. «Органикалық химияға кіріспе» және «Көмірсутектер» тарауы – органикалық химияның негізгі бөлімдері. Оқушылардың органикалық химияға қызығушылықтарының оянуы және одан әрі терең тарауларын түсініп кетулері – осы бөлімдерді сәтті меңгерулерімен тікелей байланысты. Себебі, құрамына қарай күрделі органикалық қосылыстар бірнеше кластарға бөлінеді. Олардың бастауы көмірсутектер болып табылады. Химияның осы бөлімін оқып-үйрену кезінде қазіргі заманғы ақпараттық оқыту технологияларын қолданған жөн. Гипермәтіндер мен медианың үйлесімі визуалды және дыбыстық, логикалық және бейнелі жадты қолдануға, оқушының белсенділігін бастауға мүмкіндік береді және оқу материалын тиімді игеруге көмектеседі.

Оқу әдістемелік құрал 2 негізгі бөлімнен және тақырыптық тапсырмалар жинағынан тұрады.

Бөлім I. «Теориялық негіздер» - органикалық химияның негізгі теориялық ережелерін қамтиды, оларды игеру пәннің келесі бөлімдерін саналы түрде зерттеуге ықпал етеді. Бұл бөлімдегі оқу материалын игеру тақырыптарының келесідей тәртібі ұсынылады: Органикалық химия және оның даму тарихы → органикалық заттардың ерекшеліктері → органикалық қосылыстардың химиялық құрылыс теориясы және оның маңызы мен изомерия → көміртек атомының электрондық құрылысының ерекшеліктері, гибридтену және гибридтенген орбитальдар → органикалық қосылыстардың жіктелуі мен номенклатурасы → органикалық реакциялардың механизмі.

Бөлім II. «Көмірсутектер» - басқа кластардың органикалық қосылыстарын зерттеудің негізі болып келеді, өйткені кез-келген органикалық заттардың молекулаларында көмірсутек фрагменттері болады. Көмірсутектердің қасиеттерін білу әр түрлі маңызды заттар мен материалдарды (пластмассалар, каучуктер, талшықтар, пленкалар, жуғыш заттар, дәрі-дәрмектер, бояғыштар, өсімдіктерді қорғау құралдары, құрылыс және жанар-жағармай материалдары және т.б. өндіруде шикізат ретінде осы қосылыстардың ерекше құндылығын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бөлімде көмірсутектердің негізгі түрлері қарастырылады: алкандар, циклоалкандар, алкендер, алкадиендер және алкиндер – олардың құрылымы, изомериясы, номенклатурасы мен алу әдістері, қасиеттері мен қолдануы.

Оқу құралының мазмұны бірінші бетте орналасқан, кез-келген тақырып атауын басқанда бірден қажетті бетке көшіріледі. Оқу әдістемелік құрал Z ұрпақтың ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған. Мысалы, бүкіл әлемде танымал болған жапонияның шығысындағы «аниме» мультфильмдер желісіндегі кейіпкерлердің бейнелері қолданылды. Аниме-бұл анимациялық фильмдер желісіндегі ең жақсысы, олар тәрбие құндылығы тұрғысынан болашақ ұрпақтардың ақыл-ойларын адамгершілікке, достыққа және кеңдікке үйрету үшін негіз болып табылады. Анименің әсіресе ғылыми жанры оқушылар мен студенттер арасында танымал. Ғылыми аниме – өте қызықты жанр. «Жұмыстағы жасушалар» (Cells at Work!), «Болат алхимик» (Fullmetal Alchemist) және «Доктор Стоун» (Dr. Stone) сияқты аниме көрермендерге ғылым туралы көбірек білуге мүмкіндік береді, сонымен бірге басты кейіпкерлердің күлкілі әңгімелеріне байланысты көңілді болады. Оқушылар өздеріне таныс химик кейіпкерлердің бейнесін тақырып мазмұнымен бірге оқу құралының алғашқы бетінде көргенде қызығушылықтары оянып, тақырыпты терең меңгеруге тырысады. Яғни, химияны өздеріне қызықты анимациялық фильмдерден таныс кейіпкерлер бейнесімен оқу арқылы бірден оқушылардың ерекше назарын аудартып, ары қарай оқуға мотивация болуға мүмкіндік береді. Мысалы, оқу құралының көмірсутектер тарауындағы тақырыптарда төмендегідей кейіпкерлердің бейнелері орналасқан (сурет 1):

Қаныққан көмірсутектер (алкандар, парафиндер).



Бұл тақырыптан білетініміз:

- Қаныққан көмірсутектер (алкандар, парафиндер)
- Алкандар молекуласының құрылысы
- Алкандардың изомерленуі мен аталуы
- Алкандардың табиғатта кездесуі мен алынуы
- Алкандардың физикалық және химиялық қасиеттері
- Алкандардың жеке өкілдері және қолданылуы

Циклоалкандар



Бұл тақырыптан білетініміз:

- Циклоалкандар (циклопарафиндер)
- Циклоалкандардың изомерленуі мен номенклатурасы
- Циклоалкандардың табиғатта кездесуі мен алынуы
- Циклоалкандардың физикалық және химиялық қасиеттері
- Циклоалкандардың қолданылуы

Қанықпаған көмірсутектер
Алкандар



Бұл тақырыптан білетініміз:

- Қанықпаған көмірсутектер және алкандар
- Алкандардың изомерленуі мен номенклатурасы
- Алкандардың алынуы
- Алкандардың физикалық және химиялық қасиеттері

Алкандар




Бұл тақырыптан білетініміз:

- Алкандар
- Алкандардың изомерленуі мен номенклатурасы
- Алкандардың алынуы
- Алкандардың физикалық және химиялық қасиеттері

Сурет 1 - Тақырыптар мазмұны

Оқу әдістемелік құралдың тағы бір ерекшелігі – оқушыларға таныс емес сөздер мен терминдерге арнайы гиперсілтемелер бар. Гиперсілтемелерде қажетті қосымша мәліметтер келтірілген. Органикалық химияның дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті ғалымдар туралы ақпарат ұсынылған.


Химия – бұл эксперименттік ғылым, сондықтан оқытушы әрдайым оқушыларға қызық болатын химиялық эксперименттерге үлкен үміт артады. Электронды оқу құралда көмірсутектер тарауы бойынша ең маңызды лабораториялық жұмыстардың бейнедемонстрацияларымен қамтылған. Мысалы, алкандар тақырыбындағы ацетиленнің алынуы мен жануы (сурет 2).



Сурет 2 - Ацетиленнің жануы

Әр тақырып соңында өзін-өзі тексеруге арналған 20-30 сұрақтан тұратын тест тапсырмалары орналасқан. Тест сұрақтары 5 жауаптан тұрады. Төменде алкандар тақырыбына құрастырылған бір сұрақтың мысалы көрсетілген (сурет 3).

9. Төменде бірнеше формула берілген. Осы формулалар арқылы неше қосылыс белгіленгенін табыңыздар:



Жауап: 3
 Жауап: 2
 Жауап: 4
 Жауап: 5
 Жауап: 1

Сурет 3 - Алкандар тақырыбы бойынша тест сұрағы

Оқушының жауабынан кейін бірден қате немесе дұрыстығын көрсететін төмендегідей аниме кейіпкерлері шығады (сурет 4).



Сурет 4 - Тест тапсырмаларының кері байланысы

В.А.Сухомлинский: «Ойын болмаса, толық ақыл-ой дамуының болуы мүмкін емес» дейді [6; 115]. Электронды оқу әдістемелік құралдың әр тақырыбының соңында LearningApps, Quizizz платформалары арқылы интерактивті ойын түріндегі тапсырмалар орналасқан. Ойын арқылы сыныптағы нашар оқитын оқушыларды да сабаққа нәтижелі тартуға болады және оқушының өз бетімен оқуына да қолайлы. Интерактивті тапсырмалардың төмендегідей түрлері ұсынылған:

- ✓ Сәйкестендір;
- ✓ Кім миллионер болады;
- ✓ Әріптерден сөз;
- ✓ Жұбын табу;
- ✓ Қарапайым реттілік;
- ✓ Бос орынды толтыру;
- ✓ Сөзжұмбақ;
- ✓ Викторина.

Тапсырмаларды орындауды 2 түрде жүзеге асыруға болады: сабақ үстінде ойын түрінде орындау; үй тапсырмасы ретінде әр білім алушының өз бетінше сабақтан тыс уақытта орындауы.

Білім беру процесін ұйымдастыруда QRкодты қолдану. QR-кодты (ағыл. quick response – тез тану) 1994 жылы Жапониялық «Denso Wave» жасап шығарды. Quick Response – екі өлшемді (бар код) штрих-код [7; 24]. Негізгі артықшылығы – сканерлейтін құрылғы көмегімен мәліметтерді тез әрі жылдам оқып тану. QR-код арқылы біз сайттарға, фотосуреттерге, мәтіндерге, бейнероликтерге, түрлі веб-ресурстарға, картографиялық мәліметтерге және т.б. ақпараттарға сілтеме жасай аламыз. Аталған платформалардағы тапсырмаларды орындауға өту үшін тақырып соңындағы QR-кодты сканирлеу жеткілікті.

Қорыта келе, бұл электронды оқу әдістемелік құралды жасаудағы басты мақсат: қашықтықтан оқытуда химия пәніне оқушылардың мотивациялары мен қызығушылығын арттыру, білімдерін дамыту, сонымен қатар, әр сабаққа әр түрлі платформалармен тапсырма дайындап жатпай, дайын бір жүйеге біріктірілген электронды оқу құралын пайдалану арқылы химия оқытушыларының жұмысын біршама жеңілдету, оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау, білім алушылардың және оқытушылардың цифрлық технологияларды қолдану үшін қажетті білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, цифрлық сауаттылық деңгейін көтеру.

Аналитиктер атап өткендей цифрландыру адам өмірінің әлеуметтік парадигмасын түрлендіреді, ол жаңа білім алуға, ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндіктер ашады. Ал, цифрлық технологиялар – бұл тек құрал ғана емес, сонымен бірге адамның өмір сүруінің жаңа ортасы [8; 335]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттері ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын тиімді пайдалану» деп көрсетілген [9]. Саналы, сауатты, білімді, шығармашыл, жан-жақты тұлға қалыптастыруда цифрлық білім берудің маңызы жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бузаубакова К.Д. ҚР қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық-креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық және әдістемелік аспектілері / К.Д. Бузаубакова, У.Т. Нурманалиева // *ҚазҰУ Хабаршысы «Педагогикалық ғылымдар» Сериясы.* – 2021. – Т.68. – №3. – С. 71-81.
2. Берман Н.Д. К вопросу о цифровой грамотности / Н.Д. Берман // *Russian Journal of Education and Psychology.* – 2017. – Т.8. – №6-2. – С. 35-38.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген. – Астана: БЖҒМ, 2019.
4. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы. – Астана, 2017.
5. Иванова Е.О. Электронный учебник – предметная информационно-образовательная среда самостоятельной работы учащихся / Е.О. Иванова // *Образование и наука.* – 2015. – №5. – С. 118-127.
6. Гильфанова Ю.И. Цифровые технологии на уроках физики и информатики. – Чебоксары: Издательский дом «Среда», 2020. – С. 115.
7. Жумағалиева Д.Ш., Махметова А.С. Колледждердегі оқу-өндірістік сабақтарды ұйымдастырудың тиімді әдістемелері: әдістемелік құрал. Орал: «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «БҚО ПҚ БАИ» баспа орталығы. – Алматы: «Credos», 2014. – Б. 47.
8. Ахметжанова Г.В., Юрьев А.В. Цифровые технологии в образовании // *Балтийский гуманитарный журнал,* 2018. – № 3 (24). – С. 335.
9. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.

ӘОЖ 54:372.8
FTAMP14.25.09

А.Т. Хабиев¹, Г.Ж. Казбекова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

ХИМИЯДАН ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Қазіргі таңда білім де білім беру жүйесі де үнемі жаңарып отыруды қажет етеді. Соған сай білімгер әртүрлі әлеуметтік – мәдени білім беру бағдарламаларын игеруі керек. Оқу процесінде білім алушылардың білім мен дағдылардан басқа, өмірлік мәселелерді шешу тәжірибесімен қамтамасыз ететін, әлеуметтік функцияларды орындауға және практикалық дағдыларын дамытуға көмектесетін, яғни негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыратын тәсілдерді қолдану қажет.

Мақалада химия пәнінен практикалық сабақтардың білім алушыларға химиялық құзіреттілік қалыптастырудағы ерекшеліктері жөнінде айтылған. Жалпы химиялық құзіреттілік қалыптастыру тәсілдері туралы ғалымдардың пікірлері ұсынылған. Химия – биология мамандығының студенттеріне химиядан практикалық сабақтар жүргізіліп, сол арқылы қатысушылардың химиялық құзіреттілігін қалыптастыру мақсаты қойылған. Қатысушылар арасында жүргізілген сабақ бойынша тест алынып, нәтижесі талданды.

Түйін сөздер: құзіреттілік, практикалық сабақ, химиялық эксперимент, дағды, таным, зертханалық жұмыс, тәжірибе, қабілет, химиялық ойлау, ақпараттық құзіреттілік.

Хабиев А.Т.¹, Казбекова Г.Ж.¹

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЙ ПО ХИМИИ В ФОРМИРОВАНИИ ХИМИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ

Аннотация

В настоящее время и образование, и система образования нуждаются в постоянном обновлении. В соответствии с этим обучающийся должен осваивать различные социокультурные образовательные программы. В учебном процессе, помимо знаний и умений, необходимо использовать подходы, обеспечивающие опыт решения жизненных проблем обучающихся, способствующие выполнению социальных функций и развитию практических навыков, т. е. отстающие от базовых компетенций.

В статье рассказывается об особенностях практических занятий по химии в формировании химической компетентности у обучающихся. Представлены мнения ученых о способах разграничения общей химической компетенции. Для студентов химико-биологических специальностей проводятся практические занятия по химии, тем самым ставятся задачи по формированию химической компетентности участников. Среди участников был получен тест по проведенному уроку, результаты которого были проанализированы.

Ключевые слова: компетентность, практическое занятие, химический эксперимент, навык, познание, лабораторная работа, опыт, способности, химическое мышление, информационная компетентность.

A. Khabiev¹, G. Kazbekova¹
¹Abai Kazakh National pedagogical university
Almaty, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF PRACTICAL CHEMISTRY CLASSES IN THE FORMATION OF CHEMICAL COMPETENCE

Abstract

Currently, both education and the education system need constant updating. In accordance with this, the student must master various socio-cultural educational programs. In the educational process, in addition to knowledge and skills, it is necessary to use approaches that provide experience in solving students' life problems, contribute to the performance of social functions and the development of practical skills, i.e. lagging behind basic competencies.

The article describes the features of practical classes in chemistry in the formation of chemical competence among students. The opinions of scientists on the ways of differentiation of general chemical competence are presented. Practical classes in chemistry are held for students of chemical and biological specialties, thereby tasks are set for the formation of chemical competence of participants. A test was received among the participants based on the lesson, the results of which were analyzed.

Keywords: competence, practical training, chemical experiment, skill, cognition, laboratory work, experience, ability, chemical thinking, information competence.

Кіріспе. Қазіргі қоғам азаматтардың дербес және белсенді әрекет етуге, тез шешім қабылдауға, өмірінде орын алатын түрлі жағдайларына икемді бейімделуге көбірек назар аударады. Бұл жағдайда оқушылардың білімдері мен дағдыларынан басқа, олардың өмірлік мәселелерді шешуінің, әлеуметтік қызметтерінің, іс-әрекеттің практикалық дағдыларының болуы, яғни құзыреттілік деп аталатын қабілетінің қалыптасуы оқу сапасының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Тұлғаның химиялық құзыреттілігі – бұл оның химиялық сауаттылығы мен білімі ғана емес, сонымен бірге дағдыларды игеру деңгейін, алынған білімге негізделген іс-қимыл әдістерін, сонымен қатар жұмысқа, ғылымға, білімге және адам қызметінің басқа салаларына құндылық қатынасын көрсету қабілеті. Осыған байланысты жалпыға бірдей білім беру іс – әрекеттерін-оқу қабілетін қамтамасыз ететін жалпыланған әрекеттерді қалыптастыру ерекше өзекті болып отыр [1].

Құзыреттілік туралы ғалымдардың пікіріне тоқталайық. М.М. Шалашова құзыреттілікті жеке тұлғаның интегралдық сапасы деп атайды, ол білім, тәжірибе, жеке қабілеттерді қолдана отырып, өмір мен кәсіби қызмет процесінде туындайтын мәселелерді шешуге дайын екендігін сипаттайды. Бұл тұжырымдама білім мен практикалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар өмірлік құндылықтар мен көзқарастар жүйесін де қамтиды.[2]

М.В.Аргунова құзыретті адамның оған және қызмет объектісіне деген қарым-қатынасын қамтитын тиісті қабілетке ие болуы, иеленуі ретінде анықтайды; ал құзыреттілікті объектілер мен процестердің белгілі бір шеңберіне жататын және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажетті жеке қасиеттердің (білім, білік, дағдылар, қызмет тәсілдері) жиынтығы ретінде қарастырады.[3]

Құзыреттер білім берудің маңызды элементтері, білім беруге дайындықтың әлеуметтік нормалары ретінде қарастырылады. Құзыреттілік – бұл белгілі бір саладағы хабардарлық, құзыреттілікті меңгеру нәтижесі, оған жеке қарым – қатынасты қоса алғанда, білім алушы қол жеткізген білімнің нақты деңгейі.

Құзыреттіліктердің әртүрлі сипаттамасы, олардың химия курсымен байланысы жөнінде О.С.Габриелян мен В. Г. Краснованың жұмысында берілген [4]:

1. Білім беру құзыреттілігі – бұл шындық объектілеріне қатысты жеке және әлеуметтік маңызды өнімді қызметті жүзеге асыру үшін қажет өзара байланысты семантикалық бағыттардың, білімнің, дағдылардың жиынтығы.

2. Құндылық – мағыналық құзыреттілік. Бұл оқушының құндылық идеяларымен, оның айналасындағы әлемді көру және түсіну, оның рөлі мен мақсатын түсіну, іс-әрекеттері мен семантикалық көзқарастарды таңдай білу, шешім қабылдау қабілетімен байланысты дүниетаным саласындағы құзыреттілік.

3. Оқу – танымдық құзыреттілік. Бұл нақты танымдық, оның ішінде химиялық нысандармен байланысты логикалық, жалпы білім беру іс-әрекетінің элементтерін қамтитын тәуелсіз танымдық іс-әрекет саласындағы оқушының құзыреттілігінің жиынтығы.

4. Ақпараттық құзыреттілік. Бұл Нақты объектілер мен ақпараттық технологиялардың көмегімен қалыптасады, қажетті ақпаратты өз бетінше іздеу, талдау және таңдау, оны ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және беру мүмкіндігі.

5. Коммуникативтік құзыреттілік. Бұл қажетті тілдерді, оның ішінде химиялық тілдерді, сондай-ақ адамдармен тікелей және қашықтықта өзара әрекеттесу тәсілдерін білу, топта жұмыс істеу дағдылары, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру қабілеті.

6. Әлеуметтік – еңбек құзыреттілігі. Бұл азаматтық – қоғамдық қызмет, әлеуметтік – еңбек саласы, отбасылық қатынастар мен міндеттер, экономика және құқық мәселелері, кәсіби өзін-өзі анықтау салаларында білім мен тәжірибеге ие болу.

Жалпы құзіреттілік түрлерін қарастырып өттік. Енді пәндік, яғни химиялық құзіреттілікке тоқталайық. **Химиялық құзіреттілік** – күнделікті өмірде және практикалық қызметте заттармен, материалдармен және химиялық процестермен қауіпсіз жұмыс істеу дағдылары, сондай-ақ химиялық процестерді басқара білу[5].

Химиялық құзыреттіліксіз денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру мүмкін емес. Химияға қатысты пәндік құзіреттілікке келесі білім, білік және дағды кіреді:

1. Химия ғымы әлемнің біртұтас табиғи – ғылыми бейнесінің ажырамас бөлігі ретінде. Химия – бұл басқа жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысты табиғат туралы орталық ғылым.

2. Қоршаған әлем белгілі бір құрылыммен сипатталатын және өзара өзгерістерге қабілетті заттардан тұрады деген идея. Заттардың құрылымы, қасиеттері мен қолданылуы арасында байланыс бар.

3. Химиялық ойлау, қоршаған әлем құбылыстарын химиялық тұрғыдан талдай білу, Химиялық тілде сөйлеу және ойлау қабілеті.

4. Химияның күнделікті өмірдегі рөлін және оның қоғам өміріндегі қолданбалы маңызын, сондай-ақ адамзаттың жаһандық мәселелерін шешудегі: азық-түлік, энергетикалық, экологиялық, қорғаныс және т. б.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Химияны оқытуда оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруда практикалық сабақтар маңызды рөл атқарады. Бұл бағыт П.С.Беловтың мақаласында толығырақ қарастырылды. Автор практикалық сабақтарда дамытын химиялық құзіреттіліктің төрт тобын сипаттайды: эксперименттік, коммуникативті, зияткерлік және бақылау-бағалау, сондай-ақ оларды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар. Қатысушылардың іс-әрекетін практикалық сабақта мұндай ұйымдастыру сізге мүмкіндік береді:

- химиялық тәжірибе жүргізуге шағын топтағы барлық оқушыларды қосу;
- олардың танымдық қызметін жандандыру;
- эксперименттік, коммуникативтік, зияткерлік және бақылау-бағалау құзыреттерін дамытуды қамтамасыз ету;
- өзара бақылау көмегімен эксперименттік, әдістемелік және зияткерлік құзыреттерді игеру дәрежесін бағалау;
- құзыреттілік тәсіл контекстінде білімді, дағдыларды игеруді қамтамасыз ету.

Бұл Кәсіби құзыреттілік, еңбек нарығындағы маманның ұтқырлығын, өзін-өзі дамытуға дайындықты, білім беруді жалғастыруды сипаттайды

Зерттеу мақсаты. Зерттеу жұмысының мақсаты химия пәнінен практикалық жұмыстар арқылы сабақ ұйымдастыру және сол арқылы қатысушылардың химиялық құзіреттілігін қалыптастыру.

Кез келген адамға химия пәні зертханалық жұмыстармен, түрлі қызықты тәжірибелермен еске түсетіні анық. Соған сәйкес практикалық, зертханалық жұмыстар арқылы білім алушылардың кәсіби химиялық құзіреттіліктерін қалыптастыру міндеті оңай жүзеге астынына сенеміз!

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Педагогикалық зерттеу жұмысым Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Жаратылыстану және география институты, Химия ББ бағдарламалар тобының 6В01512 – Химия-биология мамандығының 1 курс студенттеріне жүргізілді. «Бейорганикалық химия 1» пәні бойынша таңдап алынған студенттерге практикалық сабақтар ұйымдастырып, сол арқылы қатысушылардың химиялық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында тәжірибе жүргіздім. Мысал ретінде «Химиялық реакция жылдамдығы. Химиялық тепе – теңдік»

тақырыбына дайындалған практикалық сабақ барысындағы зертханалық жұмыстарды және тапсырмаларды қарастырайық.

Жалпы сабақ барысында жоғарыдағы тақырыпқа сәйкес зертханалық жұмыстар көрсетіліп, оны қатысушылармен талқыға салдық. Білімді бекіту үшін деңгейлік тапсырмалар орындалды.



Сурет 1 - Зертханалық жұмыс №1. «Әрекеттесуші заттар концентрациясының реакция жылдамдығына әсері» тақырыбы



Сурет 2-3 - Зертханалық жұмыс №2. «Температураның реакция жылдамдығына әсері» тақырыбы

Жүргізілген сабақ бойынша қатысушылардың химиялық күзiреттiлiгiн анықтау мақсатында химиядан танымдық тест алынды. Тест мазмұны төмендегiдей:

- 1.** Химиялық реакция жылдамдығына ... әсер етпейдi.
 - a) қысымның жоғарылауы
 - b) температураның көтерiлуi
 - c) әрекеттесушi заттардың концентрациясы
 - d) ыдыстың пішiнi.
- 2.** Катализатор дегенiмiз –
 - a) реакция жылдамдығын тездетiп, бiрақ өздерi реакцияға қатыспайтын заттар.
 - b) химиялық реакцияға әсер етпейдi
 - c) химиялық тепе-теңдiктi ығыстырады
 - d) реакция жылдамдығын тездетедi де, өздерi реакцияға қатысады
- 3.** Әрекеттесушi заттарды майдалау осы реакцияның жылдамдығына әсер етедi:
 - a) $\text{CaCO}_3 + 2\text{HCl} = \text{CaCl}_2 + \text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O}$.
 - b) $2\text{CO} + \text{O}_2 = 2\text{CO}_2$
 - c) $2\text{H}_2 + \text{O}_2 = 2\text{H}_2\text{O}$
 - d) $2\text{SO}_2 + \text{O}_2 = 2\text{SO}_3$
 - e) $\text{P}_2\text{O}_5 + 3\text{H}_2\text{O} = 2\text{H}_3\text{PO}_4$
- 4.** Химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететiн факторлар
 - a) әрекеттесушi заттардың тотығу дәрежесi
 - b) әрекеттесушi заттардың иондарының дәрежесi
 - c) әрекеттесушi заттардың валенттiлiгi
 - d) әрекеттесушi заттардың түсi
 - e) әрекеттесушi заттардың концентрациясы.

№	Аты – жөні	Сұрақ саны	%	Балл	Дұрыс	Қате	Жауап есептелмеді
1	Телеуова Мақпал	10	90 %	8740	9	1	0
2	Қаршыға Әйгерім	10	90 %	8370	9	1	0
3	Дүйсенғали Асел	10	90 %	8210	9	1	0
4	Тұяқова Ғазиза	10	80 %	7470	8	2	0
5	Хамит Аружан	10	80 %	7200	8	2	0
6	Омархан Аяжан	10	70 %	6450	7	3	0
7	Еркін Лизетта	10	70 %	6310	7	3	0
8	Динара	10	70 %	6280	7	3	0
9	Советхан Аяулым	8	60 %	4980	6	2	2
10	Олжас	10	50 %	4060	5	5	0
11	Шүкен Аяна	9	20 %	1850	2	7	1

5. Мырыш пен тұз қышқылы арасындағы химиялық реакция жылдамдығын арттыру үшін ... керек.

- қысымды жоғарлату
- қышқылды сумен сұйылту
- мырыштың ірі бөлшегін алу
- мырышты ұнтақтау.
- заттарды суыту

Тест нәтижесіне талдау жасап көрейік. Тест Quizizz платформасы арқылы алынды. Тест тапсырмаларына жалпы 11 адам қатысты. Сұрақ саны – 10. Төмендегі кестеден көріп отырғандарыңыздай 11 қатысушының 3-еуі 9 сұраққа дұрыс жауап берген, яғни 90%-ын құраған. Ал 2 қатысушы 8 (80%) сұраққа, 3 қатысушы 7 (70%) сұраққа дұрыс жауап берген.

1 – кесте. Тест нәтижесі.

Тест нәтижесіне сүйене келе жалпы топтың ортақ балын есептесек, сабақ үлгерімі 70% - ды құрайды. Яғни біздің алға қойған мақсатымыз орындалды десек болады. Білім алушыларда өткізілген сабақ бойынша, атап айтқанда «Химиялық реакция жылдамдығы. Химиялық тепе – теңдік» тақыры бойынша жалпы таным – түсініктері пайда болды, яғни құзіреттіліктері қалыптасты. Құзіреттілік қалыптастыру жолында белгіленген тақырыпқа сай зертханалық жұмыстар және тапсырмалар орындалды. Зертханалық жұмыс қатысушылардың қызығушылығын оятып, тәжірибе барысында орын алған сұрақтарына жауап алды. Практикалық жұмыстың қорытындысын ортаға салып талқылады.

Қорытынды. Бітіруші мамандарға қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, оқыту кезінде бәсекеге қабілеттілік таныта отырып, сауаттылық пен құзыреттілікті көрсете отырып, төмендегілерді іске асыруға бағытталған білім алушыларды даярлау жүйесін қарастырдық:

- қатысушылар дайындалатын іс-әрекет туралы хабардар болу;
- химиялық эксперимент пен химияның орны туралы нақты түсінік;
- олардың арасындағы сабақтастықты көрсете отырып, әрбір практикалық жұмыс мазмұнының жүйелілігі;
- оқу процесінің теориялық және практикалық компоненттерінің өзара байланысы;
- ғылымилығы;
- оқытуға проблемалық және тұлғаға бағытталған тәсілдің негіздері.

Бұл мақалада химия бойынша практикалық сабақтарда студенттердің химиялық құзіреттілігін қалыптастыруға және олардың тиімділігін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдерді қолдану ерекше көңіл бөлінді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Белов П.С. *Формирование химических компетенций обучаемых на практических занятиях по химии: дис. кандидата педагогических наук/ Москва. 2013. 157 с.*
2. Заграничная Н.А., Иванова Р.Г. *Современные подходы к обучению химии. ХвШ, 2010, № 2, С. 20.*
3. Можжаев Г.М. *«Реализация компетентного подхода в школьном естественно-математическом образовании». Материалы областной научно-практической конференции. 12-13.10.2010 г. Тюмень, ТОГИРРО, С.80.*
4. Пак М.С. *Теория и методика обучения химии: учебник для вузов / М.С. Пак. – СПб: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2015. – 306 с.*
5. Захаров В.М., Кочнев А.М. *Формирование профессиональной компетентности химиков-технологов на основе реалий истории химии. «Вестник» Казанского технологического университета. Серия «Химические науки». - 2011. - №24. - С. 250-256.*
6. Двуличанская Н.Н., Березина С.Л., Голубев А.М. *Формирование профессиональной компетентности студентов технических специальностей при обучении химии / «Вестник» МГТУ им. Н.Э. Баумана. Серия «Естественные науки». 2014. № 1.*

References

1. Pavel Semenovich Belov. *Formation of chemical competencies of students in practical classes in chemistry: dis. ... candidate of Pedagogical Sciences:- 157 pages, Moscow, 2013*
2. Zarubezhnaya N.A., Ivanova R.G. *Modern approaches to teaching chemistry. KHVSH, 2010, No. 2, s. 20*
3. G.M. Mozhaev "Implementation of the competence approach in school natural-mathematical education". *Materials of the regional scientific and practical conference. 12-13.10.2010 Tyumen, TOGIRRO, 2010, s.80*
4. Maria S. Pak *Theory and methodology of teaching chemistry: textbook for universities / M. S. Pak. – St. Petersburg: Publishing House of A. I. Herzen State Pedagogical University, 2015. – 306 s.*
5. V. M. Zakharov, A.M. Kochnev. *Formation of professional competence of chemists-technologists based on the realities of the history of chemistry*
6. N.N. Dvulichanskaya, S.L. Berezina, A.M. Golubev. *Formation of professional competence of students of technical specialties in teaching chemistry/Bulletin of the Bauman Moscow State Technical University. Ser. "Natural Sciences". 2014. № 1*

БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ BIOLOGICAL SCIENCES

UDK 378.147.88

N. Aiture¹, L. Umbetyarova¹, A. Babashev², N. Ablaihanova¹, M. Kulbayeva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

HEALTH-RELATED QUALITY OF LIFE: A COMPARATIVE STUDY IN ADOLESCENTS WITH HORMONAL DYSFUNCTION IN SCHOOLS OF KAZAKHSTAN

Abstract

The purpose of this research was to find out reasons why adolescents and children face health problems related to hormonal background and mental health problems. In addition, our task was to create a process of health culture in schools, to explain aspects of school health programs that play an important role in the development of the organizational culture of the school.

This study was carried out at the schools by questionnaire, sociodemographic maps, interviews. The information was gathered from newspapers, journals, Internet, by interviewing students, school principals, stakeholders. This study used data from 3 schools, 175 students ranging from 10-17 years old, participating in 1 year of the study.

Based on the findings the results of the study show that by improving the health culture of adolescents and children we can improve their well-being and mental health. The results can be applied to the methodology, organizational culture of schools.

Keywords: hormones, hormonal background, health promoting schools, population, health behaviour, health culture, well-being, policy and implementation.

Н.Е. Айтуре¹, Л.Б. Умбетьярова¹, А.М. Бабашев², Н.Т. Аблайханова¹, М.С. Кулбаева¹

¹Ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ДЕНСАУЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ӨМІР САПАСЫ: ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ГОРМОНАЛДЫ ДИСФУНКЦИЯСЫ БАР ЖАСӨСПІМДЕРДЕГІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Бұл зерттеудің мақсаты - жасөспірімдер мен балалардың гормоналды фонмен және психикалық денсаулық проблемаларымен байланысты денсаулық проблемаларына тап болу себептерін анықтау. Сонымен қатар, біздің міндетіміз - мектептерде денсаулық мәдениеті процесін құру, мектептің ұйымдастырушылық мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқаратын денсаулық сақтау бағдарламаларының аспектілерін түсіндіру.

Ғылыми-зерттеу жұмысы мектептерде сауалнама, әлеуметтік-демографиялық карталар, сұхбат арқылы жүргізілді. Ақпарат газеттерден, журналдардан, интернеттен, оқушылардан, мектеп директорларынан, мүдделі тараптардан сауалнама жүргізу арқылы жиналды. Бұл зерттеуде 3 мектептің 175-тен 10 жасқа дейінгі 175 оқушының 1 жылдық зерттеуге қатысқан мәліметтері пайдаланылды.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, зерттеу нәтижелері жасөспірімдер мен балалардың денсаулық мәдениетін жоғарылату арқылы олардың әл-ауқаты мен психикалық денсаулығын жақсартуға болатындығын көрсетеді. Алынған нәтижелер мектептердің әдіснамасына, ұйымдастырушылық мәдениетіне қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: гормондар, гормоналды фон, денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер, халық саны, денсаулыққа қатысты мінез-құлық, Денсаулық мәдениеті, әл-ауқат, саясат және іске асыру.

Айтуре Н.Е.¹, Умбетьярова Л.Б.¹, Бабашев А.М.², Аблайханова Н.Т.¹, Кулбаева М.С.¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

КАЧЕСТВО ЖИЗНИ, СВЯЗАННОЕ СО ЗДОРОВЬЕМ: СРАВНИТЕЛЬНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ У ПОДРОСТКОВ С ГОРМОНАЛЬНОЙ ДИСФУНКЦИЕЙ В ШКОЛАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Целью данного исследования было выяснить причины, по которым подростки и дети сталкиваются с проблемами со здоровьем, связанными с гормональным фоном и проблемами психического здоровья. Кроме того, нашей задачей было создать процесс культуры здоровья в школах, объяснить аспекты школьных программ здравоохранения, которые играют важную роль в развитии организационной культуры школы.

Это исследование проводилось в школах с помощью анкетирования, социально-демографических карт, интервью. Информация была собрана из газет, журналов, Интернета, путем опроса учащихся, директоров школ, заинтересованных сторон. В этом исследовании использовались данные из 3 школ, 175 учащихся в возрасте от 10 до 17 лет, участвовавших в течение 1 года исследования.

Основываясь на полученных результатах, результаты исследования показывают, что, повышая культуру здоровья подростков и детей, мы можем улучшить их самочувствие и психическое здоровье. Полученные результаты могут быть применены к методологии, организационной культуре школ.

Ключевые слова: гормоны, гормональный фон, школы по укреплению здоровья, население, поведение в отношении здоровья, культура здоровья, благополучие, политика и реализация.

Adolescence is a significant challenge of strength for both the child and the parents. After 10-12 years, boys and girls who was a joyful child yesterday are beginning to change rapidly both externally and internally. The stage of active growth, changes in figure, voice and character begins. Girls acquire feminine forms, boys - broad shoulders and a rough voice. Such changes are a real blow to the hormonal background of a teenager. The teenager becomes aggressive, violent bursts of energy alternate with a sudden change of mood, drowsiness and fatigue.

Change the formation of a healthy sleep regime; regular physical activity; the development of skills in overcoming difficult situations, problem solving and interpersonal communication; and the education of the ability to emotional self-control. Favorable conditions in the family, school and the surrounding society as a whole are also important. Approximately 10-20% of adolescents worldwide have mental health disorders that are not properly diagnosed and do not receive proper treatment (Kessler, 2007:7) [1].

An increase in the number of risk factors affecting a teenager exacerbates their potential consequences for his mental health. Factors that can increase stress levels in adolescence include the desire for greater independence, the desire to meet the expectations of peers, the search for sexual identity and the increasing availability and use of technical means. Other significant determinants of adolescents' mental health are their quality of life in the family and their relationships with peers (Vermeer, 2021:21) [2].

Some adolescents are at increased risk of mental health disorders due to living conditions, stigmatization, discrimination or social exclusion, or lack of access to quality care and services. Emotional dysfunction due to psychiatric disorders can cause stress and an abnormal sleep-wake cycles. These modifications in biological rhythms can result in increased appetite, mainly due to ghrelin, and can contribute to emotional eating. This applies to adolescents living in conditions of humanitarian crises and instability; adolescents suffering from chronic diseases, autism spectrum disorder, mental retardation or other neurological disorders; pregnant adolescents, adolescents who have become parents or entered into early and/or forced

marriage; orphans; and adolescents from ethnic or sexual minorities or other discriminated groups of the population (Hayba, 2020:8) [3].

Adolescents with mental health disorders, in turn, are particularly vulnerable to such phenomena as social isolation, discrimination, stigmatization (limiting their willingness to seek help), learning difficulties, risky behaviors, physical ill health and human rights violations (Carter, 2003:9) [4].

Natural experiments can be used to study the impact of public health policies and environmental strategies on populations. The health promotion and learning approach is based on three interrelated principles (Hasselstrom, 2002:11) [5]. It aims to foster a healthy environment and academic success by engaging all school stakeholders. This article aims to support local implementation of strategies that will enable long-term changes in the school environment. It should also be highlighted that strategies should be aligned with the unique needs of each school. In order to properly implement health promotion, one must first consider the various factors involved in its implementation. Sustaining the benefits of external interventions requires the commitment and adoption of schools and communities. This is evidenced by the lack of time and resources to support and sustain these programs (Cardinale, 2006:15) [6].

The purpose of this study.

To analyze the hormonal background of adolescents and children their well-being, mental health, participation and academic performance in schools.

Objectives:

- ✓ To destruct negative attitudes and habits of a pedagogically neglected student;
- ✓ To form socially useful traits and qualities in students;
- ✓ To deliver the education of the ability to resist adverse influences.

Literature review.

Measures to strengthen mental health and prevention are designed to strengthen a person's ability to control their emotions, expand the range of alternatives to risky behaviors, develop resilience that allows them to successfully cope with difficult situations or adverse factors, as well as contribute to the formation of a favorable social environment and a system of social relationships (Sahoo, 2015:5) [7].

These programs should be implemented at many levels using a wide variety of platforms, for example through electronic media, in health and social institutions, on the basis of educational institutions or among the local population, as well as various strategies to ensure that they reach adolescents, especially from among the most vulnerable groups of the population.

Responding to the needs of adolescents with established mental health disorders is extremely important (Ahmed, 2008:6) [8]. The basic principles of working with adolescents are to avoid sending them to specialized centers, to use non-pharmacological methods as a matter of priority and to ensure respect for children's rights in accordance with the United Nations Convention on the Rights of the Child and other human rights instruments. The WHO Mental Health Gap Action Program (mhGAP) provides evidence-based guidance to non-specialists to enable them to more effectively identify serious mental health disorders and provide assistance in low-resource settings (Goddings, 2012:13) [9].

All parents (as well as school staff who were parents) commented on the growing social problems obstructing a healthy lifestyle (for example, the increase in the cost of healthy food, the spread of fast food and the problems associated with keeping up with an increasingly busy family schedule). Parents also reported that they are aware of school health promotion activities and appreciate receiving information from school about nutrition, as it reminds them of expected school norms. However, it seems that these persistent cultural norms have negatively affected the ability of schools to introduce health promotion methods (Josephs, 2011:13) [10]. For example, teachers felt that the mismatch between healthy ideas promoted at school and unhealthy ideas in the wider community (and potentially reinforced at home) undermined what students were learning in class about healthy eating. However, the personal values of individual participants also seemed to influence their point of view regarding the proper «balance» for health promotion in schools. For example, some participants (principals, teachers, and parents) felt that the regular sale of less nutritious foods (in accordance with the province's nutrition policy) was acceptable, while others felt that such foods should only be available during special school holidays and holidays (Ladouceur, 2012:14) [11].

Methods.

Sampling frame

A mixed-method study was used for collecting the data:

- ✓ semi-structured interview;

- ✓ sociodemographic questionnaire.
- The forms of working with adolescents were also used:
- ✓ individual and thematic consultations; conversations;
 - ✓ trainings; conferences;
 - ✓ family visits; parent meetings.

The data was collected in a few schools of the city Almaty. The study involved children and adolescents attending the school, their teachers, tutors, family members and a local psychologist. Quantitative statistical analysis was carried out using statistical software, qualitative assessment was carried out using content analysis.

In the case of a study, the goal is not to be representative, but rather to provide an in-depth understanding of individual cases and provide evidence to what works, in what situation and why. The selection of cases was carried out in accordance with the theoretical framework of the study; in particular, it was important to understand the experience of health care promotion implementation in school districts due to the varying degrees of health care promotion implementation (Peper, 2011:13) [12].

Database included completing student and parent surveys and a self-reported school survey to measure aspects of the school environment. Participating schools were granted with a confidential report with their individual school results compared to provincial averages, as well as information and strategies to support practices. These individual school outcomes assured an important context for ensuring the selection of schools where different implementation strategies were applied. According to the report, three schools (n = 3) in one (n = 1) public school districts were invited to participate as a case study school. The sample size is acquitted by agreement with the theoretical basis, and a similar sample has been registered in recent qualitative school studies.

Procedures.

Participating school districts in Almaty have granted permission to access schools to collect data. Database of adolescents and children in schools was collected as it is shown in Table 1. Prior to collecting any data, managers and key informants also gave informed consent. After revealing potential cases, the primary investigator contacted the school principal to inform them of the follow-up study and determine their willingness to participate.

Sex steroids affect important organizational effects on brain structure. From an early stage of life, steroids are involved in brain sexual differentiation. During puberty, sex steroid levels increase to a notably large extent. However, to which dimension sex steroid production is involved in structural brain development during human puberty remains unknown. The relationship between pubertal rises in testosterone and estradiol levels and brain structure was assessed in 85 boys and 90 girls (10-17 years). Global brain volumes were measured using volumetric-MRI. Regional gray and white matter were quantified with voxel-based morphometry (VBM), a technique which measures relative concentrations ('density') of gray and white matter after individual global differences in size and shape of brains have been removed (Rower, 2004:12) [13].

